



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

Астанада Тәуелсіздік сарайында сегіз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Мемлекет басшысына сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Мысыр Араб Республикасының елшісі Самех Шехата, Швейцария Конфедерациясының елшісі Кристина Хонеггер-Золотухин, Эстония Республикасының елшісі Марье Лууп, Оман Сұлтандығының елшісі Салах Джабуб, Мажарстан елшісі Ференц Цомбош,

Гвинея-Бисау Республикасының елшісі Браима Эмбало, Нигерия Федеративтік Республикасының елшісі Джозеф Олусола Иджи мен Дания Корольдігінің елшісі Ларс Туесен табыстады.

Президент елшілерге ілтипат білдіріп, еліміздің сыртқы саясатта бейбіт бағыт ұстанатынын жеткізді.

— Бүгін — шын мәнінде, елдеріңіздің өкілі ретінде Сіздер үшін де, Қазақстан Республикасы үшін де өте маңызды күн. Осы орайда барлығы-

мыз бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет екеніне сенімдімін. Өйткені Қазақстан бейбітсүйгіш ел саналады. Біз теңгерімді және сындарлы сыртқы саясат ұстанамыз. Ел ішінде реформа жүргізуге қолайлы жағдай жасауға ұмтыламыз. Сыртқы істер министрлігінің, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Президент резиденциясының Сіздер үшін әрдайым есігі ашық. Өйткені қазіргі тұрақсыз әрі құбылмалы әлемде бірге болуға тиіспіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



НЕЕТ-тің БӘРІ НИЕТСІЗ ЕМЕС

Қазақстанда бүгінде шамамен 6 миллион жас азамат тұрады. Бұл – ел халқының үштен біріне жуық көрсеткіш. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік зерттеудің нәтижелеріне қарасақ, олардың болашаққа деген көзқарасында оң үрдіс бар. Зерттеуге сәйкес, жастардың 82,7 пайызы елдің болашағына сеніммен әрі оптимизммен қарайды.



ТӨРТІНШІ ОРЫН, ТӨРТ ТҮЙТКІЛ

Жылқы шаруашылығында негізгі табыс еттен түседі. Оның үлесі жалпы соманың 80-85 пайызына парапар. Қазақстанда жылына 150-170 мың тонна шамасында жылқы еті өндіріліп, 98-99 пайызы ішкі нарықта қалады. Себебі сұраныс жоғары. Әсіресе күздің соңы, қыстың басында. Шаруалар соғым маусымынан тыс кезде қымыз сатып қаражат табады.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНІҢ ҮЛКЕН БЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) президенті Петра Сёрлингті қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда үстел теннисінің дамуына дәйекті түрде қолдау көрсеткені үшін Петра Сёрлингке алғыс айтып, еліміз Халықаралық федерациямен ынтымақтастықты ілгерілетуге айрықша мән беретінін жеткізді.

Қазақстан Президенті ел жастарының үстел теннисіне қызығушылығы арта түскенін айтты. Қазір 260 мыңнан астам адам осы спорт түрімен жүйелі түрде шұғылданады. Мемлекет спорт резервін даярлау және жарыстар өткізу үшін арнайы инфрақұрылымды дамыту ісін қолға алды.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2027 жылы Астанада үстел теннисінен өтетін әлем чемпионатын ұйымдастыруға жәрдемдескені үшін Петра Сёрлингке

ризашылығын білдірді. Бұл Орталық Азияда аталған спорт түрі бойынша өтетін алғашқы біріншілік болмақ. Әңгімелесу барысында алдағы әлем чемпионатының тарихи маңызына мән берілді. Бұл жарыс үстел теннисінің Қазақстанда ғана емес, бүкіл аймақта да канат жаюына айтарлықтай жол ашатын болады.

ITTF жетекшісі Петра Сёрлинг үстел теннисіне жан-жақты қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты, сондай-ақ федерацияның осы спортты одан әрі насихаттау жоспарымен бөлісті.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қазақстанда үстел теннисін дамытуға қосқан үлесі үшін Петра Сёрлингті II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ӨНІМДІ КӘСІПКЕРЛІК – ҚУАТТЫ ЭКОНОМИКА КӨЗІ

Кейінгі дерек кәсіпкерлік саласында өсім бар екенін көрсетеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың I қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанда шамамен 2,4 миллион шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 2 миллионнан астамы жұмыс істеп тұр. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 6,1 пайызға жоғары.



ҚҰРЫЛТАЙ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚАРАУЫНДА

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен Бюро отырысында Құрылтайдың алдағы отырысының күн тәртібі белгіленді. Депутаттар бірінші оқылымда Қазақстан Үкіметі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісім жөніндегі, сондай-ақ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы еуропалық конвенция туралы ратификациялық заң жобаларын қарайды.

Құрылтайдың алдағы отырысында депутаттар бірінші оқылымда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау жобасын қарайды. Келісім инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру құралдарын кеңейтуге және неғұрлым шұғыл жобаларға мемлекет шығыстарын қайта бөлу есебінен бюджетке түсетін жүктемені азайтуға бағытталған. Сонымен қоса, бұл құжат қаржыландырудың басым секторларын айқындауға, сондай-ақ жобаларды іске асыру рәсімдерін оңтайландыруға тиіс.

Келісімді ратификациялау Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен арадағы бірлескен бастамаларды іске асы-

рудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл ретте Қазақстанға көлік, энергетика, цифрлық байланыстар және экономиканың басқа да секторларындағы жобаларды қаржыландыру үшін ұзақ-мерзімді инвестициялар тарту мүмкіндігі беріледі.

Бірінші оқылымда 1959 жылы 20 сәуірде Страсбургте жасалған Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы еуропалық конвенцияны ратификациялау туралы заң жобасы да қаралады. Конвенцияға қосылу Қазақстанға еліміздің құқық қорғау органдарының өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер алуға және заңсыз жолмен алынған шетелге шығарылған активтерді елге қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл қылмыстық істерді, соның ішінде трансұлттық қылмыспен байланысты істерді тергеудің жеделдігі мен тиімділігін арттырады.

Бюро сондай-ақ І шақырылған Қазақстан Республикасы Құрылтайының өкілеттігін іске асырудың бірінші сессияға арналған

негізгі іс-шаралар жоспарын бекітті. Жоспарға елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына, өңірлерді дамытуға, бизнесті, ауыл шаруашылығын, ғылым мен цифрландыруды қолдауға, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға тікелей байланысты мәселелер енгізіліп отыр.

Іс-шаралар жоспарында Құрылтайдың тыңдаулары, Жоғары аудиторлық палатаның есептері, Үкімет сағаттары, комитеттердің көшпелі отырыстары, дөңгелек үстелдер, комитеттердің тақырыптық отырыстары, парламент-аралық және халықаралық қызмет сияқты бөлімдер кіреді.

Сонымен қатар Бюро отырысында Қазақстан Республикасы Құрылтай Төрағасының жанынан Депутаттық әдеп кеңесін құру туралы шешім қабылданды. Оның құрамына Құрылтайдағы барлық тұрақты комитеттердің, сондай-ақ барлық саяси партиялар фракцияларының өкілдері кірді.

ҮШ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ
ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Құрылтай депутаттарына 2027–2029 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы таныстырылды. Таныстырылым Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Ольга Перепечинаның төрағалығымен, Құрылтай Төрағасының орынбасары Дания Еспаева мен жауапты Үкімет мүшелерінің қатысуымен өтті.

Дания Еспаева өз сөзінде 2027–2029 жылдар тапшылықты азайту және мұнай қаражатына тәуелділікті біртіндеп төмендету арқылы неғұрлым қатаң бюджеттік бағытқа көшу кезеңі ретінде мәлімделгенін айтты. Осы ретте жаңадан құрылған Құрылтай үшін бұл — алғашқы бюджеттік кезең және аса жауапты заңнамалық процестің бірі.

Вице-спикер атап өткендей, Құрылтайға жана Бюджет кодексінде көзделген едәуір көлемді материалдар ұсынылды. Бұл депутаттарға тікелей кірістер мен шығыстарды ғана емес, одан да кеңірек — бүкіл мемлекеттік қаржы жүйесінің тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді. Дания Еспаева Мемлекет басшысының елімізді дамыту жөніндегі барлық тапсырмаларын мүлтіксіз әрі тиімді орындауға ерекше назар аударылатынын мәлімдеді.

— Біздің мақсатымыз — мәселелер туралы жай ғана айту емес, оларды шешуге өз үлесімізді қосу. Кәсіби Құрылтайдың бақылауы одан да кеңірек болғаны абзал. Егер бір мәселені көтерер болсақ, оны шешудің ықтимал жолдарын да ұсынған жөн. Үкіметтен де осындай жұмыс тәсілін күтеміз. Егер депутаттарда есептеулерге, шығыстардың тиімділігіне немесе белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізуге қатысты күмән туындаса, біз неліктен дәл осындай шешім қабылданғаны, қандай балама жолдар бар екені, қандай нәтиже күтілетіні және оған кім жауап беретіні жөнінде тұшымды жауап күтеміз, — деді Құрылтай Төрағасының орынбасары.



Өз кезегінде Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Ольга Перепечина республикалық бюджет жобасын қарау кезінде депутаттық корпус қаражаттың игерілуін қатаң бақылауға баса мән беретінін айтты. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттің негізгі басымдықтары ретінде макроэкономикалық тұрақтылықты сақтау, инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар салуды жеделдету, сондай-ақ мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындау айқындалды.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын таныстырған Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин оның негізіне жыл сайын орта есеппен 5%-дан жоғары экономикалық өсу қарқыны алынғанын айтты. Экономикалық өсудің негізгі көздері мұнай емес салалар болуға тиіс. Бірінші вице-министрдің айтуынша, өңдеу өнеркәсібінің орташа жылдық өсу қарқыны 5,9%-ды құрап, тау-кен өнеркәсібінің өсу қарқынынан (2,0%) жоғары болады. Экономиканың өсу драйверлерінің бірі ауыл шаруашылығы болмақ. Оның жыл сайынғы орташа өсімі кемінде 5%-ды құрайды.

«2027–2029 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасының негізгі ережелерін депутаттарға Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы таныстырды. Оның айтуынша, 2027 жылы бюджет кірістері 25,4 трлн теңге көлемінде жоспарланған. Оның 19,9 трлн теңгесі — трансферттерді есептемегендегі кірістер. Шығыстар 30,2 трлн теңгені құрайды. Бюджет тапшылығы 4,6 трлн теңге немесе жалпы ішкі өнімге шаққанда 2,3% деңгейінде айқындалған. 2029 жылы бюджет тапшылығының 0,4%-ға дейін төмендеуі болжануда, ал меншікті кірістер 23,4 трлн теңгеге дейін өседі.

— Бірінші және ең басым бағыт — адамға салынатын инвестициялар. 2027 жылы адами капиталға 10,5 трлн теңге салу немесе жалпы бюджеттің 35%-ы көзделген. Осы аталған сандардың артында нақты адамдар тұрғанын түсіну өте маңызды. Әлеуметтік саладағы бюджет адамға, яғни оның әлеуметтік қорғалуын, денсаулығын, білімін және даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Қаражаттың негізгі бөлігі әлеуметтік қамсыздандыру мен

денсаулық сақтау саласына тиесілі, — деді Қаржы вице-министрі.

Таныстырылым қорытындысы бойынша заң жобасы талқыланды. Депутаттар Үкіметтің экономикалық өсім болжамы мен халықаралық сарапшылардың бағалаулары арасындағы айырмашылықтар, бюджет тапшылығын жоспарлы төмендету, Ұлттық қор трансферттері есебінен қаржыландырылатын жобаларды іріктеу және олардың қажетті бюджеттік рәсімдерден өтуі жөнінде сұрады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығын қаржыландырудың тиімділігі, «Аграрлық несие корпорациясының» жарғылық капиталын ұлғайтудан күтілетін нәтижелер, ғылымға жұмсалатын шығыстардың тиімділігі, ғылыми эфирлемелерді енгізу және коммерцияландыру мәселелері көтерілді.

— Ресурстар шектеулі кезде тиімсіз шығыстарға жол беруге болмайды. Бюджет қаражаты нақты бағытталуға тиіс: экономика мен азаматтар үшін барынша тиімділік, толық ашықтық және басты міндеттерді қатаң іріктеу қажет. Барлық әріптестерден түзетулер енгізген кезде дәл осы тәсілді басшылыққа алуды сұраймын. Сондай-ақ бюджет теңгерімді болуы керек екенін есте ұстаған жөн: егер шығыстарды ұлғайтуды ұсынсаңыздар, онда басқа бағыттағы шығыстарды қысқарту қажет болады, — деп қорытындылады Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Ольга Перепечина.

Құрылтайда республикалық бюджет жобасы бойынша алдағы жұмыс депутат Татьяна Савельеваның жетекшілігімен жалғасады. Жұмыс барысында депутаттардың талқылау кезінде айтқан ұсыныстары мен пікірлері ескеріледі.

Заң жобасының таныстырылымынан кейін БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өтті. Журналистердің сұрақтарына жұмыс тобының жетекшісі Татьяна Савельева, Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы және Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин жауап берді. Брифингте зейнетақыны 8,5%-ға арттыру, ең төменгі жалақы мөлшерінің өспеуі, сондай-ақ Ұлттық қор қаражатын пайдалану және оның инфляцияға ықтимал әсері жөніндегі мәселелерге баса назар аударылды. Журналистер Жоғары аудиторлық палатаның бюджет жобасына қатысты ескертулері, ауылдардағы инфрақұрылымды дамытуға бөлінетін қаржы және тиімсіз бюджеттік бағдарламаларды қысқарту жоспары жөнінде де сұрады.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

«Әділет» партиясы балалардың құқығы мен мүддесін қорғау мәселелері бойынша Ашық есік күнін өткізді. Азаматтарды қабылдау бір уақытта еліміздің барлық өңірі мен Астана қаласында ұйымдастырылды.

Балалардың құқығын қорғау және олардың қауіпсіз ортада дамуына жағдай жасау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының қатарында. Мемлекет басшысы атап өткендей, елдің болашағы бүгінгі қоғамның балалар үшін жасап жатқан жағдайы мен құндылықтарына тікелей байланысты. Бұл ұстанымдар «Әділет» партиясының бағдарламасынан да көрініс тапқан. Онда отбасыларды қолдау, білім беру және балаларға тең мүмкіндік жасау мәселелеріне ерекше мән берілген.

«Әділет» партиясы өңірлерде ұйымдастырған азаматтарды қабылдау барысында қазақстандықтар көбіне балабақшалардағы орын тапшылығы, тегін медициналық көмектің қолжетімділігі, сондай-ақ дефектолог, логопед және тьютор мамандарының жетіспеушілігі мәселелерін көтерді. Сонымен қатар ауылдық жерлерде

мектеп салу, балалардың демалысы, баспана және мектептегі тамақтану сапасына қатысты мәселелер қозғалды.

Астанада азаматтарды Құрылтай депутаты Ләззат Жылқыбаева қабылдады. Тұрғындар әлеуметтік қолдау, денсаулық сақтау, еңбек даулары, сондай-ақ қылмыстық заңнамадағы кей нормаларды қолдану, оның ішінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны ауыстыру мәселелері бойынша жүгінді.

— Әрбір өтініш бойынша тиісті органдарға сауал жолдап, міндетті түрде азаматтарға жауаппен ораламыз. Егер мәселе заңнамаға өзгеріс енгізуді немесе Құрылтайда жеке қарауды талап етсе, депутаттық өкілеттіктеріміз аясында оны әрі қарай жүргіземіз, — деді Ләззат Жылқыбаева.

Азаматтарды қабылдау барысында кейбір мәселе сол жерде

шешімін тапты. Мәселен, Көкшетауда нейрофиброматоз диагнозы қойылған қыздың ата-анасы қажетті дәрі-дәрмекті алу мәселесі бойынша көмек сұрады. Жағдайды реттеуге Құрылтай депутаты Юлия Кучинская араласып, балаға қажетті препараттар берілді.

— Азаматты қабылдап, мәселесін тыңдау жеткіліксіз. Міндетіміз — мәселені кім шеше алатынын анықтап, жауапты органдарды жұмысқа тартып, істі нақты нәтижеге дейін жеткізу, — деді Юлия Кучинская.

Басқа өңірлерде де нақты көмек көрсетілді. Мәселен, Абай облысында жеке сот орындаушысы алимент түсетін шоттан бұғатты алып тастады. Жамбылдық отбасыларға мектепке керек-жарактарды алуға көмек беріліп, балаларды бір мектептен екіншісіне ауыстыру мәселесі келісілді. Сондай-ақ тегін стоматологиялық ем ұйымдастырылып, инвентаризация қызметін алуға жәрдем етілді.

Алматылық азаматтар балалардың қауіпсіздігі мен отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету мәселелеріне қатысты өтініш



берді. Оларды қарауға көмектесушілермен жұмыс істейтін полиция қызметкерлері мен тиісті басқармалардың өкілдері тартылды.

Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында тұрғындар баспана, балаларды мектеп пен балабақшаларға орналастыру, жеңілдіктер мен атаулы әлеуметтік көмек алу мәселелерін көтерді. Сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балаларға тіс дәрігерінің көмегін алу мүмкіндігі жеке талқыланды.

«Әділет» партиясы Орталық аппараты Қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Әлия Садырбаева мұндай қабылдаулар нақты өтініштермен жұмыс істеуге ғана емес, әртүрлі өңірде қайталанатын және жүйелі түрде пысықтауды қажет ететін мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Келіп түскен барлық өтініш тіркеліп, тиісті мемлекеттік органдарға жолданды. Толық шешілмеген өтініштер партияның бақылауында болады.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ



«Әділет» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде Құрылтай депутаты Жарқынбек Амантайұлы азаматтарды қабылдады. Басқосуға Астана, Алматы қалалары және өңірлерден азаматтар онлайн және офлайн форматта қатысты. Кездесу барысында азаматтар еңбек, тұрғын үй, жұмыспен қамту, құқықтық көмек және мемлекеттік бағдарламаларға қатысты мәселелерін көтерді.

Солардың бірі — Астана қаласының тұрғыны Ислам Ғаниев. Информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейтін азамат солтүстік өңірлердің біріне еңбек студі жоспарлап отыр.

— Мен информатика пәнінің мұғалімімін, ал әйелім тіс дәрігері. Жас отбасымыз. Баянауылға барып, «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасы арқылы солтүстік өңірде еңбек еткіміз келеді. Жинаған тәжірибемізді ауылдың дамуына жұмсамақ дейміз. Осы мақсатта солтүстік өңірге қалай баруға болады, барған жағдайда қалай жұмысқа орналасамыз, ол үшін қандай талаптарды орындау керек деген

сұрақтармен келіп отырмын, — дейді тұрғын.

Құрылтай депутаты Ислам Ғаниевке осы бағыттағы мүмкіндіктерді қарастыру үшін ішкі көші-қон саласының мамандары мен жергілікті әкімдік өкілдерімен байланыс орнатуға көмектесуге дайын екенін айтты.

Қабылдауда өзге азаматтар да бірқатар мәселені көтерді. Атап айтқанда, аула сыпырушысы болып жұмыс істеген Айдарбек Дүйсенғали соңғы екі айда еңбекақысын ала алмағанын айтып, шамамен 700 мың теңге көлеміндегі берешекті өндіруге көмек сұрады. Азаматтың айтуынша, еңбек шарты ресми рәсімделмегенімен, жұмыс істегенін рас-

тайтын дәлелдері бар. Осы мәселеге байланысты депутат Ішкі істер министрлігіне хат жолдап, мәселені бақылауға алуды сұрай-тынын жеткізді. Арыххан Гүлнар алаяқтардың әрекетінен кейін банктен 6 млн теңге көлемінде несие рәсімделгенін айтып, қаражатты қайтаруға қатысты сот шешімінің орындалмай отырғанын жеткізді. Сондай-ақ Гүлмира Дүйсенова жұмыспен қамту мәселесін көтерді. Арыстағы үйі толық өртеніп кеткеннен кейін Астанаға көшіп келген азамат жұмыс табуға көмек сұрады. Жарқынбек Амантайұлы бұл бағытта мүмкіндігінше ұсыныс беруге көмектесетінін айтты. Қабылдауға келген азаматтардың қатарында тұрғын үй мәселесін көтерген Айнұр Жақсылықова да болды.

Қабылдау қорытындысы бойынша депутат азаматтардың өтініштерін назарға алып, көтерілген мәселелерді тиісті мемлекеттік органдарға жолдап, шешілуіне барынша күш салатынын айтты.

— Тұрғындардың арыз-өтініштерін қабылдап, көтерген мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауалдар жолдаймыз. Әр мәселеге қатысты қажетті бағыт-бағдар беріп, оң шешімін табуына барымызды саламыз, — деді Құрылтай депутаты Жарқынбек Амантайұлы.

«Әділет» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды депутаттардың қабылдауы тұрақты түрде жалғасады.

Еліміздің барлық өңірінде жастар мен жасөспірімдер арасында есірткі қылмысының алдын алуға және саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған кешенді профилактикалық жұмыстар бастау алды.

ЕСІРТКІ ЖАРНАМАЛАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

Синтетикалық есірткінің таралуы мен оның жастар арасында белен алуы — қоғам назарын талап ететін өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың отырысында сөйлеген сөзінде де көтерілген болатын. Президент есірткі қылмысының алдын алып, оның таралуына жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.



Осыған орай, нашақорлықтың алдын алу, есірткі қылмысына қарсы қоғамдық иммунитет қалыптастыру және жастарды саламатты өмір салтына баулу мақсатында «Әділет» партиясының Жастар қанаты республика көлемінде кешенді акция өткізіп жатыр. Оның барысында өңірлерде қала көшелері мен тұрғын үйлердің аулаларында рейдтік жұмыстар ұйымдастырылып, есірткі заттарын насихаттайтын жарнамалар мен граффитилер анықталуына жол берілмейді. Бір күннің өзінде мыңға жуық есірткі

жарнамасы жазылған граффити мен трафарет жойылды.

Жастар белсенділері анықталған жазуларды өшірумен қатар тұрғындарға есірткінің зияны мен оның салдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ақпараттық жадынамалар таратты. Сондай-ақ есірткі саудасына қатысты күмәнді сілтемелер мен Telegram-арналардың жарнамалары анықталған

жағдайда тиісті органдарға хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

Кешенді акция тек рейдтік жұмыстармен шектелмейді. Оның аясында жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған спорттық іс-шаралар, профилактикалық кездесулер, ашық пікірталастар және түсіндіру жұмыстары ұйымдастырыла береді. Сонымен қатар жастарды спортқа тарту және олардың бойында жігер мен жауапкершілік қалыптастыру мақсатында «Чемпиондық рух» спорттық іс-шаралары өткізіледі.

ПӘРМЕН

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Қазақстанда шағын және орта бизнес жыл санап көбейіп келеді. Бірақ кәсіпкерлік субъектілерінің саны артқанымен, солардың ішінде нақты өнім өндіретін кәсіпкерлердің үлесі әлі де төмен. Бұл – ел экономикасының құрылымына қатысты маңызды мәселе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы Жолдауында шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, жұмыспен қамтудағы үлесі 50 пайызға жуықтағанын атап өтті.



ӨНІМДІ КӘСІПКЕРЛІК – ҚУАТТЫ ЭКОНОМИКА КӨЗІ

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Соңғы дерек кәсіпкерлік саласында өсім бар екенін көрсетеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанда шамамен 2,4 миллион шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 2 миллионнан астамы жұмыс істеп тұр. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 6,1 пайызға жоғары. ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны 4,5 миллионнан асады. 2025 жылдың қорытындысында шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі 40,9 пайызға жетті. Ал сектордың өнім шығару көлемі 104,8 триллион теңгені құрады. Демек, кәсіпкерлік Қазақстан экономикасының негізгі тіректерінің біріне айналып келеді.

Қазақстандағы ШОК құрылымына қарасақ, кәсіпкерлердің едәуір бөлігі сауда және қызмет көрсету салаларында жұмыс істейді. 2025 жылдың басында көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу саласында 806 мыңнан астам ШОК субъектісі болған. Бұл салалардың экономика үшін маңызы зор екені түсінікті. Сауда да, қызмет көрсету де халықтың күнделікті қажеттілігін өтейді, жұмыс орындарын құрады, салық түсіреді. Алайда елдің ұзақмерзімді экономикалық қуаты тек сауда айналымымен өлшенбейді. Өнім өндіретін кәсіпорын жаңа қосылған құн қалыптастырады. Зауыт пен цех жаңа технология әкеледі, инженер мен жұмысшыға сұраныс



тудырады, шикізатты өңдейді, импортты алмастырады және экспортқа шығуға мүмкіндік береді. Ал дайын тауарды сырттан сатып алып, ішкі нарықта қайта сату экономиканың осындай технологиялық тізбегін қалыптастыра бермейді.

2026 жылдың басындағы дерек бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің ішінде өнеркәсіп саласында 118,3 мың ұйым болған. Оның 106,4 мыңы өндеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлердің саны өсіп келе жатқанымен, жалпы кәсіпкерлік құрылымындағы үлесі әлі де шағын. Осыдан келіп кәсіпкер сауда немесе қызмет көрсету саласына баруға дайын, бірақ «өндіріс ашуға келгенде неге тартыншақ?» деген орынды сауал туындайды.



Негізгі проблеманың бірі – платформалардың жасты тексеру жүйесінің әлі де жеткілікті деңгейде жұмыс істемеуі. Сондықтан мемлекеттің негізгі тетігі баланы жеке-жеке бақылау емес, платформаларды талапты орындауға міндеттеу болуы керек.

Ал өндіріс ашу үшін қомақты инвестиция қажет. Жер, электр энергиясы, инфрақұрылым, құрал-жабдық, шикізат, инженерлік кадр, логистика және өткізу нарығы керек. Бұған қоса өндірістік кәсіпкер несие мөлшерлемесі, валюта бағамы, та-

рифтер, сертификаттау және түрлі әкімшілік талаптар сияқты тәуекелдермен бетпе-бет келеді. Сондықтан мемлекет кәсіпкерге тек несие немесе субсидия берумен шектелмеуі керек. Өндірісті бастауға және оны бірнеше жыл бойы тұрақты жүргізуге мүмкіндік беретін толық экожүйе болса, қанекей?! Мемлекет басшысы да Жолдауында осыны меңзесе керек.

«Іскер азаматтардың әлеуетін толық ашу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан тиісті құқықтық базаны жаңғырту керек. Қазір елімізде 21 кодекс, 300-ден астам заң бар. Оларға тым көп түзету енгізілген. Кейбір нормалар бір-біріне қайшы келіп жатады. Түптеп келгенде, осының бәрі бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр. Заңнаманы түгел тексеріп, зерделеп шыққан жөн», — деген еді өз сөзінде.

Жалпы, елімізде бизнеске мемлекеттік қолдаудың түрлі тетігі бар. Несие беру, пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, кепілдендіру, индустриялық жобаларды қолдау сияқты бағдарламалар жұмыс істеп тұр. Мәселе олардың жоқтығында емес, нәтижесін қалай өлшейтінімізде. Мысалы, қанша жобаға қаржы берілгенін санау оңай. Бірақ сол кәсіпорындардың қаншасы бес жылдан кейін жұмыс істеп тұрады? Қаншасы жаңа өнім шығарды? Экспорт пен импорты қанша? Технологиясын жаңартты ма? Мемлекеттік қолдаудың тиімділігі осындай көрсеткіштермен бағалануы қажет. Өйткені кәсіпкерлік саясатының мақсаты тек жаңа субъектілерді тіркеу емес, солардың арасынан

тұрақты өндіріс орындарын, орта бизнесті және кейін халықаралық нарыққа шығатын компанияларды қалыптастыру болуы тиіс.

Бұл жерде Ұлттық экономика министрлігіне ерекше міндет жүктеледі. Кәсіпкерлердің жалпы санымен қатар олардың сапалық құрылымын көрсететін индикаторлар да тұрақты бақылануы керек. Мәселен, жыл сайын қанша жаңа өндірістік кәсіпорын ашылды, қанша кәсіпорын шағын бизнестен орта бизнеске өтті, қанша компания жаңа технология енгізді, қанша жаңа өнім түрі пайда болды деген сұрақтарға нақты жауап беретін жүйе қажет.

Президент былтырғы Жолдауында кәсіпкерлерді елді цифрлық дамытудың қозғаушы күші деп атады. Бұл міндет өндірістік бизнеске де тікелей қатысты. Цифрландыру дегеніміз — мемлекеттік қызметтерді құр электронды форматқа көшіру емес. Оның мәні одан әлдеқайда терең, мәселен, автоматтандыру, роботтандыру, өндірістік процестерді бақылау, логистиканы оңтайландыру және жасанды интеллектіні пайдалану сияқты заманауи өндіріс келбетін білдірсе керек. Сондықтан жаңа өндіріс ашатын кәсіпкерлерге технологиялық жаңғыру мүмкіндігін де қатар ұсыну қажет. Бәсекеге қабілетті кәсіпорын мемлекеттік субсидияға мәңгі тәуелді болмай, уақыт өте келе өнімділігін арттырып, нарықта өз орнын таба алуға тиіс.

Осы ойдың ұшқынынан туса керек. Осы аптада елімізде бизнеске қолдау көрсету және сүйемелдеу орталықтары іске қосылды. Әзірге Астана, Алматы және Шымкент қалаларында, сондай-ақ СҚО мен Ақтөбе облыстарында пилоттық режимде істеп тұр. Аталған орталықтар кәсіпкерлерге бірқатар мәселе бойынша қолдау көрсетеді. Оның ішінде берешекті қайта құрылымдау және қаржыландыруға қол жеткізу, мемлекеттік қолдау шараларын алу, салық берешегін реттеу, кәсіпкерлік құзыреттерді дамыту және басқа да көмек түрлері бар. Олардың дәстүрлі консультациялық форматтан айырмашылығы, бұл орталықтар нақты нәтижесіне қарай бағаланады. Кәсіпкерлердің өтініштері шешімін тауып, аталған механизмдер жүзеге асқан жағдайда ғана орталықтар жұмысы лайықты бағасын алады. Демек, кәсібін дөңгелеткісі келетін немесе жаңа бизнес бастағысы келетін ынталылар үшін бұл да үлкен мүмкіндік.

Ал пилоттық жобаның өзі жыл соңына дейін жалғасады. Оның қорытындысы бойынша тиімділігі жан-жақты қаралып, оны еліміздің басқа өңірлерінде одан әрі енгізу және ауқымын кеңейту жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

СЕРПІН

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Цифрлық дәуірдегі ДАЛА

Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында ауыл шаруашылығына жеке тоқталып, кейбір олқылықты сынап еді. Президенттің әділетті сыны стратегиялық маңызды осы секторға серпін берді. Бүгінде ауыл шаруашылығының даму екіпіні бүкіл ел экономикасының өсім қарқынынан озып келеді. Атап айтқанда, Қазақстанда ЖІӨ-нің сегіз айдағы нақты өсуі 4,1% болды. Ал ауыл шаруашылығы одан әлдеқайда үдемелі, 5,2%-дық жоғары өсімді паш етті. Жалпы, тура бір жыл ішінде Жолдауда жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда қандай жұмыс атқарылды?

А Айхан ШӘРІП

ӨСІМНІҢ ӨЗЕГІ

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, ауыл шаруашылығында үшінші ай қатарынан белсенді өрлеу қарқыны байқалады: сегіз айда жалпы 5,2%-дық өсім қалыптасса, алдыңғы қаңтар-шілдедегі көрсеткіш 5%, қаңтар-маусымда 4,4% болған. «Мұндай динамика жиын-терім науқанының қызуы мен егіннің пісуі секілді маусымдық факторға байланысты. Азық-түлік өндірісінде бұдан 2,5 еседей көп, 12,9% өсім тіркелді», — деп хабарлады экономика ведомствосы.

Өсімді дұрыс тіркеу, оны кеңес кезінен қалған «қосып жазудан» арылту үшін саланы жаппай цифрландыру маңызды. Бұл іске Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауы тың түрткі болды.

— Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Жасанды интеллектіні қолданып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутникпен мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Соның негізінде жердің сапасына, егіннің шығымына, дәнді-дақылдардың жай-күйіне және қай жер-

ге қандай дақыл егілгеніне терең талдау жасалуға тиіс. Жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылықты жою қажет. Жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс, — деді Қ.Тоқаев.

Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегіне, ЖІӨ-дегі бақыланып отырған, көлемді экономикалық үлесі 2023 жылғы 17,58%-дан 2025 жылы 15,69%-ға дейін төмендеді. Көлемді айналымды қысқартудың негізгі құралының бірі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді цифрландыру және интеграциялау болды. «Ветеринариялық-санитариялық сараптама» модулі, өсімдік шаруашылығындағы қадағалаудың цифрлық жүйесі, Тауарлардың ілесіме жүкқұжаттар жүйесі және Басқарудың автоматтандырылған бірыңғай жүйесі (БАБЖ) KEDEN жүйесімен интеграцияланып, ауыл

шаруашылығында өнімнің қозғалысын бақылау құралдары енгізіліп жатыр.

АШМ мәліметі бойынша бүгінде субсидия алу, төрт түлкі туған сәтінен бастап союға және өнімді өткізуге дейін сәйкестендіру және қадағалау, фитосанитарлық және ветеринарлық сертификаттар беру, ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану мониторингі, сондай-ақ балық және су ресурстарын есепке алу — бәрі цифрлық форматта қолжетімді.

ЖЕР БОС ЖАТПАҒАНЫ ЖӨН

Президент өз Жолдауында игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері оралтып, қайта бөлуге тапсырма бергенін еске сала келе: «Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек», — деді. Сондай-ақ жайылым тапшы-

лығы мәселесін шешу үшін әкімдерге қайтарылған жерлерді 2026 жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуді тапсырды.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 13,5 млн гектар жер қайта бөлінді: 5,5 млн гектар халықтың ортақ жайылымына, 8 млн гектар ауыл шаруашылығы өндірісіне конкурспен берілді. Соның ішінде Жолдауда тапсырылған 7,5 млн гектарды айналымға енгізу міндеті орындалған: 3,5 млн гектар жайылымға, 4 млн гектар өндірісшілерге табысталды. Ал 2022 жылдан бері мемлекетке қайтарылған ауыл шаруашылығы жерінің жалпы көлемі 15,5 млн гектарға жетті. Соның нәтижесінде мемлекет малға өріс, егінге алқап, ауылға кәсіп болатын мол ресурсқа қол жеткізді.

Алдағы екі жылда өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қадағалануын және ауыл шаруашылығы жерлерін басқаруды қамтамасыз ететін жаңа жүйелерді іске қосу, сондай-ақ мал түрлерін сәйкестендіру жүйесін жаңғырту жоспарланған. 2028 жыл соңына дейін ақпараттық жүйелерді АӨК-тің бірыңғай цифрлық платформасына біріктіру көзделіпті.



Өсімді дұрыс тіркеу, оны кеңес кезінен қалған «қосып жазудан» арылту үшін саланы жаппай цифрландыру маңызды. Бұл іске Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауы тың түрткі болды.

Мемлекеттік цифрлық субсидиялау жүйесі (gosagro.kz) бүгінде өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, қайта өңдеу, акваөде-ниет және басқа да бағыттарды қоса алғанда, 20 бағыт бойынша мемлекеттік қолдау шараларын электрондық түрде алуға мүмкіндік береді. Жүйе басқа меморгандардың ақпараттық ресурстарымен, Кадастрлардың бірыңғай мемжүйесімен, электрондық шот-фактуралар және ауыл шаруашылығы техникасын тіркеу жүйелерімен интеграцияланды. Субсидия сомаларын есептеу ұсынылған құжаттар негізінде автоматты түрде жүргізіледі.

САНДЫҚ ЖҮЙЕНІҢ НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Сонымен, Жолдау аясында қабылданған шаралар нәтижесінде бүгінде АӨК-тің негізгі процестерін цифрландыруды 5 ақпараттық жүйе қамтамасыз етеді: gosagro.kz-те 209 мың пайдаланушы тіркелген. Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендірудің бірың-

ғай цифрлық базасында 39,7 млн мал тіркеуде. БАБЖ-де 16,2 млн фитосанитариялық және ветеринариялық сертификат бар. Су жануарларына мониторинг жүргізуге арналған E-Fish ақпараттық жүйесінде 1 221 субъект бақылауда. Ғарыштық мониторинг қорытындысы бойынша JerInSpectr ЦЖ-де 51,3 мың мониторинг карточкасы қалыптастырылды.

Ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануды мониторингтеу үшін JerInSpectr платформасы қолданылады. Ол жерді қашықтан зондтау деректеріне сүйенеді және әрбір жер учаскесінің қаншалықты нысаналы мақсатына пайдаланылғанын онлайн бақылауға мүмкіндік береді. Жүйеде жер заңнамасының бұзушылықтары бойынша 50 мыңнан астам инцидент өңделген. Деректерді тереңірек талдау, ауыл шаруашылығы жерлерінің сапалы жай-күйін бағалау үшін енді ЖИ қолдану көзделген.

Үкіметтің хабарлауынша, АӨК-ті цифрландырудың жаңа кезеңі келесі шараларды қамтиды: 2028 жылға дейін — ауыл шаруашылығы жерлерін басқару, өнімді қадағалау және деректерді интеграциялау үшін жаңа цифрлық шешім әзірлен-

бек. 2026-2027 жылдары — ауыл шаруашылығы жерлерін басқару жүйесі, 2026-2027 жылдары — егін шаруашылығын қадағалау жүйесі, 2028 жылға дейін Digital Agro Platform бірыңғай цифрлық платформасы іске қосылады.

Барлық жұмыстың стратегиялық бағдары — Digital Agro Platform атты бірыңғай цифрлық экожүйе құру. Ол АӨК-тің салалық жүйелерін, жер ресурстарының цифрлық картасын біріктіріп, деректерді Smart Data Agro жүйесінде шоғырландыруға тиіс. Платформа ауыл өнімдерінің бүкіл тізбегін қадағалауға, ЖИ технологиялары мен заманауи ВІ-талдауды қолдануға, фермерлерге әкімшілік жүктемені азайтуға және саланы басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермек. АӨК-тің бірыңғай цифрлық тұғырнамасын қалыптастыруды 2028 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Қорыта айтқанда, Жолдау ел үшін өмірлік маңызды саланың салмақты бір мәселесін шешуге ықпал еткендей.

МӘСЕЛЕ


19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

NEET-тің бәрі НИЕТСІЗ ЕМЕС

Қазақстанда жастарды жұмыспен қамтуға, білім алуға және кәсіп бастауға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары көбейіп келеді. Соған қарамастан, еңбек нарығынан тыс қалған, білім алмайтын және кәсіби даярлықпен айналыспайтын жастар мәселесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ресми статистикада NEET санатындағы жастардың үлесі төмендегенімен, олардың жалпы саны әлі де жүздеген мың адамды құрайды. Өткен аптада Құрылтай отырысында депутат, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Дидарбек Ділдебек осы түйткілді көтеріп, жастармен жұмыс істейтін құрылымдардың қызметін қайта қарау қажеттігін айтты.

NEET — ағылшын тіліндегі Not in Education, Employment or Training ұғымының қысқартылған нұсқасы. Бұл санатқа білім алмайтын, еңбек етпейтін және кәсіби даярлықтан өтпейтін жастар жатады. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, Қазақстанда 15 пен 34 жас аралығындағы сондай жастардың үлесі 5,8 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш бір қарағанда аса жоғары көрінбеуі мүмкін. Алайда оның артында жүздеген мың жас азаматтың тағдыры тұр. Ресми есеп бойынша 2020 жылы 7,1 пайыз болса, 2019 жылы 7,4 пайызды құраған. 2023–2024 жылдары да 7,1 пайыз деңгейінде қалыптасты. Дегенмен жыл сайын жағымсыз статистика азайып келе жатқаны байқалады. 2026 жылдың екінші тоқсанында NEET санатындағы жастардың саны 312 098 адамға жеткен. Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда бұл көрсеткіш шамамен 50 мың адамға азайған.

Қазақстанда бүгінде шамамен 6 миллион жас азамат тұрады. Бұл — ел халқының үштен біріне жуық көрсеткіш. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік зерттеудің нәтижелеріне қарасақ, олардың болашаққа деген көзқарасында оң үрдіс бар. Зерттеуге сәйкес, жастардың 82,7 пайызы елдің болашағына сеніммен әрі оптимизммен қарайды. Ал 77 пайызы алған немесе алып жатқан білімінің сапасына қанағаттанса, 76,5 пайызы қазіргі өміріне көңілі толатынын айтқан. Ал 62,9 пайызы білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын меңгеруді маңызды деп санайды. Бұл көрсеткіштер жастардың басым бөлігінде болашаққа деген үміт пен даму ұмтылысы бар екенін аңғартады. Әйтсе де жалпы жастардың көңіл күйі мен NEET санатындағы азаматтардың нақты жағдайы бірдей болмауы мүмкін. Өйткені әлеуметтік зерттеулердегі ортақ көрсеткіштер белгілі бір топтардың мәселесін толық ашып бере алмайды.



ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНА ҚАРАЙДЫ

Соған қарамастан, NEET санаты бәрібір өзекті тақырып болып тұр. Демек, оған себеп болатын факторларды қарастыру қажет. Қазақстандық қоғамдық даму институты Отбасылық және гендерлік саясатты зерттеу орталығының директоры Эльмира Отардың айтуынша, оны бір ғана себеппен немесе жастардың жеке тандауымен түсіндіру жеткіліксіз.

Біріншіден, білім беру жүйесінен еңбек нарығына өту кезеңінде белгілі бір алшақтық бар. Жас маманның дипломы болғанымен, еңбек тәжірибесі жеткіліксіз, ал жұмыс берушілер көбіне тәжірибесі бар кадрды іздейді. Соның салдарынан оқуын аяқтаған жас бірден тұрақты жұмысқа орналаса алмай, белгілі бір уақытқа еңбек нарығынан тыс қалуы мүмкін. Екіншіден, алынған мамандық пен еңбек нарығындағы нақты сұраныстың сәйкес келмеуі әсер етеді. Бұған жалақы деңгейі, еңбек жағдайы, жұмыс орнының тұрақтылығы, тұрғын үй және көлік шығындары сияқты факторлар да қосылады. Кей жағдайда жұмыс формалды түрде болғанымен, оның шарттары жас адамның негізгі қажеттіліктерін өтемейді. Сонымен бірге отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, тұрғылықты жері, бала күтімі мен үй шаруасындағы міндеттер, әсіресе жас әйелдер үшін маңызды рөл атқарады. Ауылдық жерлерде жұмыс орындарының шектеулілігі, кәсіби даярлыққа қолжетімділіктің төмендігі, инфрақұрылымдық мәселелер де NEET тәуекелін күшейтеді. Сондықтан

лардың белгілі бір нәтижесі бар екенін көрсетеді. Қазақстанда «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», қоғамдық және әлеуметтік жұмыс орындары, кәсіптік оқыту және қайта даярлау сияқты бірқатар құралдар іске асырылып келеді. Олардың қажеттілігі сөзсіз.

— Дегенмен бағдарламалардың тиімділігін тек қамтылған жастардың санымен бағалау жеткіліксіз деп ойлаймын. Мысалы, бағдарламаға мыңдаған жас қатысуы мүмкін, бірақ олардың қаншасы алты айдан немесе бір жылдан кейін тұрақты жұмыс орнында қалды? Қаншасының табысы өсті? Қаншасы қайтадан NEET санатына оралды? Осындай көр-

Оның сөзінше, тұрғылықты жері де әсер етпей қоймайды. Мәселен, Алматы облысында былтыр 25 мыңдай жас жұмысқа тұрып, NEET санатындағы жастар саны 26 186 адамға дейін төмендеген. Бұл мақсатты аймақтық жұмыспен қамту шаралары нәтиже беретінін көрсетеді, керісінше, мұндай бағдарламасы жоқ өңірлерде көрсеткіш жоғары қалуы мүмкін.

Сондай-ақ жоғары білімді жастардың NEET санатына түсуі — еңбек нарығы мен білім жүйесі арасындағы алшақтықтың белгісі екенін ол да көрсетеді. Өйткені жоғары оқу орындары гуманитарлық, экономикалық бағыттар бойынша дайындайтын мамандар саны нарықтың нақты сұранысынан асып түседі, ал техникалық, инженерлік мамандарға сұраныс жабылмай қалады.

ДЕПУТАТ ҰСЫНЫСЫ ҚАНДАЙ?

Депутат Дидарбек Ділдебектің айтуынша, бүгінде жастарды әлеуметтендіру мәселесімен 235 жастар ресурстық орталығы айналысады. Бірақ олардың мүмкіндіктері көбіне қалалық белсенді жастардың арасында ғана қалып отыр. Ауылдағы жастар мемлекеттік бағдарламалар, білім алу мүмкіндіктері, бос жұмыс орындары немесе кәсіп бастауға арналған гранттар туралы қажетті ақпаратты уақытында ала алмауы мүмкін. Оның үстіне, жастар инфрақұрылымының қызметі көбіне жалпылама сипатқа ие. Құлықсыз топтарды анықтау үшін тек кеңседе отырып өтініш күту аздық етеді. Жастар шоғырланған ірі базарлар, теміржол вокзалдары, қала маңындағы жұмысшы кенттері мен ауылдық елді мекендер түсіндіру және кеңес беру жұмыстары жүргізілетін орындарға айналуы мүмкін. Бұл жерлерде көшпелі кеңес беру пункттерін ұйымдастыру арқылы жастарға қажетті ақпаратты тікелей жеткізуге болады.

Депутат көтерген тағы бір мәселе — жастармен жұмыс істейтін мамандардың ақпараттық жүйелерді пайдалану мүмкіндігі. Оның айтуынша, жас мамандар Smart Data Ukimet немесе «Отбасының цифрлық картасы» секілді мемлекеттік базалармен жұмыс істеуде қиындықтарға тап болады. Осы бағытта құзырлы министрліктерге Smart Data Ukimet жүйесіне автоматты алгоритм енгізуді ұсынды. Оның ұсынысы бойынша 15–35 жас аралығындағы азамат оқуын тоқтатқан немесе зейнетақы жарнасы түспеген жағдайда, оған eGov Mobile арқылы атаулы SMS-хабарлама жіберілуі керек. Сонымен бірге жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерін материалдық ынталандыру мәселесін де көтерді. Оның пікірінше, ауылдық және аудандық деңгейдегі орталықтарда жұмыс істейтін мамандардың жалақысы мен еңбек жағдайына көңіл бөлу қажет. Сондай-ақ депутат жергілікті бюджеттен имидждік форумдар мен акцияларға жұмсалатын шығындарға мораторий енгізуді ұсынды. Үнемделген қаражатты ауылдық және аудандық деңгейдегі жастар ресурстық орталықтары инспекторларының жалақысын көтеруге бағыттау қажет.

Нұржан БЕКБОЛАТ

NEET мәртебесін жастардың белсенділігінің төмендігі ретінде ғана емес, олардың білімнен еңбекке, бір әлеуметтік мәртебеден екіншісіне өту барысында кездесетін құрылымдық кедергілердің нәтижесі ретінде қарастырған дұрыс.

— Өңірлер арасындағы айырмашылық едәуір. Мысалы, 2025 жылдың басындағы ресми деректерде NEET үлесі кейбір өңірлерде 10 пайыз шамасына жетсе, бірқатар облыстарда 3–4 пайыз деңгейінде болған. Бұл айырмашылық өңірдің экономикалық құрылымымен, жастарға арналған жұмыс орындарының сапасымен, урбанизация деңгейімен және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуымен байланысты. Сондықтан өңірлік саясатта бірдей шара қолданудан гөрі, әр өңірдегі NEET жастардың нақты құрылымын анықтау маңызды, — дейді ол.

Оның сөзінше, кейде жоғары білім алған жастардың да NEET санатына қосылып жатқанын естиміз. Белгілі бір деңгейде бұл білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасындағы институционалдық алшақтықтың белгісі деп айтуға болады. Бұл жағдай дипломның өздігінен еңбек нарығына табысты интеграцияны қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. Жұмыс берушілер де жас маманнан бірнеше жылдық тәжірибе сұрайды, бірақ сол тәжірибені қалыптастыратын бастапқы жұмыс орындары жеткіліксіз болуы мүмкін. Жастардың да еңбекке қатысты ынтасы өзгеріп келеді. Жұмыс орнының болуына емес, еңбекқауға, кәсіби дамуға, жұмыс уақытына, еңбек ортасына, мансаптық өсу мүмкіндігіне қарайды.

Маманның айтуынша, соңғы жылдары NEET үлесінің төмендеуі мемлекеттік шара-

сеткіштер өте маңызды. Яғни мемлекеттік саясатта сандық индикаторлармен қатар жастардың кейінгі еңбек траекториясын бағалау қажет. Бізге «қанша адам бағдарламаға қатысты?» деген сұрақпен қатар «бағдарлама адамның әлеуметтік және кәсіби жағдайын қаншалықты тұрақты өзгертті?» деген сұраққа жауап керек, — дейді әлеуметтанушы.

Психолог Балабек Кеніш-тайұлының айтуынша, жастардың сүлесок, ынтасыз күйге түсуі бірнеше фактордың тоғысында пайда болатын жағдай. Оның бірі, лайықты жалақы төлейтін орындар жеткіліксіз. Екіншіден, психологиялық фактор бар — үздіксіз бәсекеге түсу, әлеуметтік желілердегі «табысты» бейнелермен салыстыру нәтижесінде жастарда талпыныс орнына түңілу пайда болады. Үшіншіден, отбасылық және аймақтық орта: ауылдық жерлерде немесе шағын қалаларда мүмкіндіктің өзі шектеулі болғандықтан, «күш салсам да нәтиже бермейді» деген сенімсіздік қалыптасады. Төртіншіден, білім беру жүйесінің өзі көбіне теориялық дайындыққа негізделген, ал нарық практикалық дағдыны талап етеді, осы алшақтық жастарда сәтсіздік сезімін тудырады.

— Білім деңгейі мен тұрғылықты жерінен гөрі отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы — бәлкім, ең күшті фактор. Табысы төмен отбасынан шыққан жастың жұмыс іздеуге жұмсайтын уақыты мен ресурсы (көлік, интернет, тіпті сәйкес киім) шектеулі болады әрі көбіне отбасын асырау үшін ерте, төмен ақылы жұмысқа тұруға немесе керісінше, ешбір нәтижесіз жұмыс іздеуден бас тартуға мәжбүр болады, — дейді маман.

ӨЗЕКТИ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Осыдан төрт жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атқарушы билікке шұғыл түрде қант саласын өрге сүйер жеке бағдарлама қабылдау міндетін қойған болатын. Тиісті бағдарламаны жүзеге асыру жуырда мерзімінен бұрын тоқтатылды. Бүгінде әлемдік нарықта құмшекер күрт қымбаттап жатқанда, бұл мәселе қайтадан өткір сипат ала бастады. Себебі еліміз импортқа тәуелді болып қалған.

ЖОЙЫЛҒАН ЖОСПАР ЖӨНІНДЕ

2022 жылғы 14 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент күрделі халықаралық жағдайда азық-түлік қауіпсіздігінің өзектілігі бірнеше есе арта түскеніне назар аудартты. Соғыстар, геосаяси қақтығыстардың кесіріне құрғақшылық салдарынан астық өнімділігінің төмендеуі де қосылған еді. Мемлекет басшысы Қазақстанның қант бойынша азық-түлік тәуелсіздігіне 2023 жылы қол жеткізетінін баяндаған сол кездегі Ауыл шаруашылығы министрінің сынға алды.

— Себебі біз басқа көріністі көріп отырмыз. Мысалы, бұрын іске қосылған 7 қант зауытының бүгінде тек төртеуі ғана (Алматы және Жамбыл облыстарында) жұмыс істейді, олар тек үштен бір бөлігіне (31%) жүктелген. Ауыл шаруашылығы министрілігі 2026 жылға қарай қызылшадан өндірілген қант үлесін 6 есеге (7-ден 43%-ға дейін) ұлғайтуды жоспарлапты. Алайда соңғы төрт жылда қант қызылшасының алқаптары үштен бірге қысқарды. Біз шетелден әкелінетін қантқа 90% тәуелдіміз. Үкімет шұғыл түрде қант саласын дамыту бойынша жеке салалық жобаны әзірлеуге тиіс, — деді Қ.Тоқаев.


Мұндағы мақсат — «импортқа тәуелділікті едәуір қысқарту, біртіндеп өзін-өзі қамтуға көшу». Қазақстан көшбасшысы бұл салаға ішкі және шетелдік инвесторлар тарапынан қызығушылық біршама жоғары екенін ескертті: тек оларды тартатын дұрыс тәсілдер қажет.

— Бұл — ішкі саяси маңызға ие принципті мәселе. Біз бүгінде дүкендерде не болып жатқанын көріп отырмыз. Маскара! Бұдан бұрын менің тапсырмам бойынша орта мерзімді кезеңге арналған Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары әзірленген еді. Бірақ бұл жоспарда нақты іс-қимыл алгоритмінің орнына ізгі ниеттер жиынтығы ғана қарастырылған. Оның орындалмау қаупі бар, — деді Президент.

Мемлекет басшысы бекер қауіптенбеген екен. Үкіметтің 2022 жылғы 22 қыркүйектегі №726 қаулысымен «Қазақстанда қант саласын дамыту жөніндегі 2022–2026 жылдарға арналған кешенді жоспар» бекітілді. Ал осыдан бір ай бұрын, Үкіметтің 2026 жылғы 5 тамыздағы №699 қаулысымен аталған кешенді жоспардың күші жойылды. Бұл ретте бағдарламаның орындалуына жауапты Ауыл шаруашылығы министрілігі соның нәтижесінде қандай жетістікке жеткені туралы елге ешқандай есеп бермеді, жылы жаба салды.

Есесіне бағдарламаның қорытындысын Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (БҚДА) шығарды. «Кешенді жоспарды іске асыру алдағы 5 жылда отандық шикізаттан қант өндіру көлемін 250 мың тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте 2026 жылға қарай 2021 жылмен салыстырғанда импорт үлесі

Тәтті өнімнің АШЫ



Елор Қаба (Kazakhstan)

58%-дан 17%-ға дейін төмендейді. Отандық шикізатты өңдеу есебінен нарықтың қамтамасыз етілуі 7%-дан 43%-ға дейін артады», — деп нақты жазылған кешенді жоспарда.

Антимонополиялық органның тұжырымдауына, бұл құжатқа 5 негізгі бөлімнен тұратын 33 іс-шара енгізілді. Бұл ретте белгіленген мерзімде орындалған іс-шаралардың үлесі 91%-ды ғана құрапты.

ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІ НАРЫҚ

«Қабылданған шаралардың нәтижесінде қант қызылшасының егіс алаңы 2022 жылмен салыстырғанда 10,3 мың гектарға ғана ұлғайды. Жиналған астықтың жалпы көлемі 2022 жылғы 305,6 мың тоннадан 2025 жылғы 734,7 мың тоннаға дейін өсті. Қант қызылшасынан өндірілген қант көлемі 33 мың тоннадан 113,3 мың тоннаға дейін артты. Алайда ішкі нарықты қамтамасыз ету деңгейі 23%-ды құрады», — деп хабарлады агенттік. Демек, «нарықтың қамтамасыз етілуі 7%-дан 43%-ға дейін артады» деген жоспар сол бойы іске аспаған.

«2025 жылдың қорытындысы бойынша Қант саласын дамытудың кешенді жоспары мен АӨК дамыту тұжырымдамасының негізгі көрсеткіштерінің басым көпшілігі орындалмады. Қант қызылшасының егіс алаңдары 38 мың гектарға дейін кеңейтіледі деп жоспарланғанымен, шынында былтыр 17,7 мың гектарды құрады. Жалпы астық көлемін 1 млн 800 мың тоннаға дейін арттыру ұсынылған болатын, алайда бұл көрсеткіш 734,7 мың тоннадан аса алмады. Отандық және шетелдік шикізаттан өндірілген қант көлемі 250 мың тоннаға дейін ұлғайтылады деп бекітілгенімен, іс жүзінде 174,2 мың тон-

Тек отандық қызылшаны емес, импортталған қант құрағын да қоса алғанның өзінде, осы шикізаттарды елімізде өңдеу есебінен ішкі нарықты отандық қантпен қамту деңгейі 43%-ға бәрібір жете алмады: 29,6% болды. Ал импорт үлесі 70,4%-ға дейін өсті.

наны құрады», — деп мәлімдеді Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі.

Темес, импортталған қант құрағын да қоса алғанның өзінде, осы шикізаттарды елімізде өңдеу есебінен ішкі нарықты отандық қантпен қамту деңгейі 43%-ға бәрібір жете алмады: 29,6% болды. Ал импорт үлесі 70,4%-ға дейін өсті. Жалпы, Бразилиядан (импорттың 99%-ы), Мексика мен Үндістаннан әкелінген қант құрағынан жасалған өнімді толыққанды «отандық» деп санауға бола ма?

«Қорыта айтқанда, салалық шаралардың жүзеге асырылуына қарамастан, нақты динамика импортқа тәуелділіктің жоғары деңгейде сақталғанын және отандық қант өндірісінің тұрақты өсімі жоқ екенін көрсетеді», — деген тоқтамға келді антимонополиялық агенттік.

Сонымен қатар оның талдауында тағы бір маңызды жайт бар: 2025 жылы елімізде өсірілген қант қызылшасынан 113,3 мың тонна қант өндірілді. БҚДА осы арқылы ішкі нарықтың шамамен 23%-ы қамтамасыз етілгенін атап көрсетті. Алайда қант құрағын да есептегенде, былтыр елде 174,2 мың тонна құмшекер жасалыпты. Ендеше қазіргі кезде Қазақстанда өндірілген барлық қанттың шамамен 65%-ы қызылшаға тиесілі. Үштен бірі немесе 35%-ға жуығы шетелдік шикізаттан, негізінен тропиктік қант құрағынан алынды. Сондықтан ведомство маман-

дары бұл саланың импорттық шикізатты өңдеуге тәуелді екенін қаперге салды.

Жалпы, биыл мерзімінен бұрын «жабылған» бағдарламада Үкіметке «қант қызылшасының егіс алаңдарын 38 мың гектарға дейін кеңейту» міндеті жүктелгенін. АШМ бұл жоспардың да үдесінен шыға алмаған. Ресми мәлімет бойынша 2026 жылы дақылдар келесі көлемде егілді: дәнді дақылдар — 15,8 млн гектар; майлы дақылдар — 4,3 млн; мал азықтық дақылдары — 3,3 млн; макта — 162,4 мың; картоп — 132,3 мың; көкөніс дақылдары — 124,5 мың; бақша дақылдары — 86,8 мың; қант қызылшасы — небәрі 23,8 мың гектар.

ЗАУЫТТАРҒА ЖАҢА СЕРПІН ҚАЖЕТ

АШМ жаңа инновациялық қант зауытын тұрғызу идеясынан бас тартылмағанын жеткізді. Импортты толық алмастыру бойынша жүйелі жұмыс Қазақстанның импортқа тәуелділігі жоғары дәрежеде сақталған 6 негізгі санат бойынша жалғаспак: олардың қатарында қант, құс еті, балық, шұжық өнімдері, ірімшік және алма бар.

«Осы жұмысты жүйелеу мақсатында Ауыл шаруашылығы министрілігі 2026–2028 жылдарға арналған Жол картасын әзірледі. Оның аясында жалпы саны 13 ірі халықаралық инвесткелісімге қол қойылды. Негізгі жобалар қатарында Алматы облысындағы қант

ді жан-жақты жүргізеді. Қазан айында Тараз қант зауытында тәулігіне 3 мың тонна өнім өндіретін желі орнату аяқталады. Сондай-ақ министрлік қант қызылшасы егілетін алқаптардың көлемін ұлғайту жұмысын жалғастырмақ. Биыл қант қызылшасы 23,8 мың гектар алқапқа егілді. Негізгі егіс алқаптары Жамбыл облысы мен Жетісу облысында шоғырланған. Бұл өндіріс көлемін ұлғайтуға және отандық өңдеу кәсіпорындарының өндірістік қуатын тиімді пайдалануға бағытталған», — деп мәлімдеді Ауыл шаруашылығы министрілігі.

Finprom агенттігі сарапшыларының пайымдауына, мемлекеттік қолдау шараларының азайтылуы және біржаға қатысты жаңа әрі даулы қағидалар қант саласындағы жағдайдың нашарлауына түрткі болған. Нарық қатысушылары биржалық қант саудасының жаңа ережелерінің енгізілуін салаға қысым жасайтын фактор деп есептейді. Қазақстанның қант, тағам және өңдеу өнеркәсібі қауымдастығы Мемлекет басшысына үндеу жолдады: онда қант өндірушілер мен көтерме сатып алушылардың арасында делдалдық құрылымдардың пайда болуына аландаушылығын білдірді.

Өз кезегінде Сауда және интеграция министрілігі бұл тетіктің жаңа емесін және ішкі нарықты қантпен қамтуға елеулі әсер етпеуге тиістігін атап өтті. Елде өнім тапшылығы байқалмайтынын, сұраныстың айтарлықтай бөлігі импорттық жеткізілімдермен-ақ өтелеіп жатқанын ескертті.

Содан Қазақстан амалсыз, әлемдегі қант құрағын өсіретін алыс елдерге алақан жаюға мәжбүр. 2026 жылдың басында Мәскеуде өткен Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің отырысында одаққа мүше мемлекеттердің экономикасы үшін бірқатар маңызды шешім қабылданды. Атап айтқанда, Қазақстанға 2026 жылдың соңына дейін 100 мың тонна қант құрағы шикізатын импорттауға рұқсат етілді және кенедік әкелу бажын нөлге түсіру туралы шешім қабылданды. Бұл шара қазақстандық қант зауыттарын шикізатпен қамтуға және ішкі нарықта бағасы қолжетімді қант өндіруге бағытталған.

Ұлттық статистика бюросы қыркүйектің алғашқы аптасының қорытындысында әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларына жататын қант бағасының индексі тұрақты деңгейде қалғаны туралы хабарлар етті. Бірақ арқаны кеңге салуға болмайды: бүкіл әлемде бұл саланы қымбатшылық жайлады. CNBC ақпараттыңша, жыл басынан бері қант құрағының, яғни шикізаттың құны 20% өсті.

Тамызда әлемдік нарықтағы қант бағасы 21,5% жоғарылап, бұл өнім табыстылығы жөнінен «S&P 500»-ден (+13%) асып түскен. Биржа мамандары «баға көтерілісіне» ауа райы факторлары серпін бергенін айтады: ми кайнатар аптап ыстық Еуропада егісті қура-тып, қант қызылшасының шығымдылығын 19% құлдыратты. Эль-Ниньо климаттық феномені Бразилия, Үндістан мен Тайландтағы егіске соққы берді: олар қант құрағының 70%-ын береді. Ендеше Президенттің бұрынғы Үкіметке жүктеген тапсырмалары қазір де өзектілігін жоймаса керек.

Елдос СЕНБАЙ

ДӘУЛЕТ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Қазақстан жылқы саны бойынша әлемдік рейтингте төртінші орынға табан тіреген. БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының дерегіне жүгінсек, ең озық бестікке Мексика (6,4 млн), Бразилия (5,7 млн), Моңғолия (4,7 млн), Қазақстан (4,5 млн), Қытай (3,5 млн) кіреді екен. Мал басының өсуі саланың сапалы дамып жатқанын білдіре ме?



нарықтарға шығу үшін өнімнің қауіпсіздігін дәлелдейтін ветеринарлық құжат, талапқа сай сою орны, тұрақты сапа бақылауы қажет. Бізде мұндай жүйе толық қалыптаспаған. Өңдеу кәсіпорындарына HACCP, ISO 22000, Halal секілді стандарттарды енгізу экспорттың есігін ашар еді. Ветеринариялық қауіпсіздікті халықаралық талаптарға сәйкестендіру де маңызды.

Жылқы шаруашылығының басты артықшылығы жайылым болғанымен, оның өзі екі түрлі мәселе туғызып отыр. Ауылдың маңындағы жерге мал көп шоғырланатыны белгілі. Шөп тапталады, жер тозады. Соның салдарынан малға қосымша жем беру керек болады. Бұл жылқы етінің өзіндік құнын 20-30 пайызға дейін өсіруі ықтимал. Ал ауылдан алыстағы жайылымдардың жағдайы кері-

аздығы да мәселені күрделендіреді. Ал айырмашылығы бірден байқалады. Мәселен, қарапайым жылқының сойыс салмағы 180-220 келі шамасында болса, асыл тұқымды малда бұл көрсеткіш 280-320 келіге жетеді. Бір малды бағып-қағуға кететін шығын шамалас болғанымен, алынатын ет көлемі әртүрлі. Сарапшылардың есебі бойынша қазір 100 бас жылқы шамамен 20 тонна ет беретін болса, дұрыс азықтандыру мен асылдандыру жолға қойылған жағдайда сол 100 бастан 30 тоннаға дейін өнім алуға болады екен. Демек, негізгі түйткіл — малдың санында емес, әр бас жылқының өнімділігінде. Қарапайым тілмен айтсақ, 100 жылқыны 150-ге жеткізіп, сан қуғанша қолда бар 100 жылқының өнімділігін арттыру әлдеқайда маңызды. Саланың келесі кезеңіндегі басты өлшем де

ТӨРТІНШІ ОРЫН,

Кейінгі 10-15 жыл бедерінде жылқы тез көбейіп келеді. Мысалы, 2015 жылы елдегі қылқұйрық саны 2 млн-ға жеткен. 2020 жылы 3,1 млн-нан асқан. Биыл бұл көрсеткіш тіпті 4,5 млн-дық межені еңсеріпті. Бірақ сала мамандары жылқы шаруашылығында шешілмей тұрған төрт түйткіл бар дейді.

БІРІНШІ ТҮЙТКІЛ: САН МЕН САПА ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Жылқы шаруашылығында негізгі табыс еттен түседі. Оның үлесі жалпы соманың 80-85 пайызына парапар. Қазақстанда жылына 150-170 мың тонна шамасында жылқы еті өндіріліп, 98-99 пайызы ішкі нарықта қалады. Себебі сұраныс жоғары. Әсіресе күздің соңы, қыстың басында. Шаруалар соғым маусымынан тыс кезде қымыз сатып қаражат табады. Бізде жылына 25-30 мың тонна шамасында қымыз дайындалады. Яғни бұл саладағы пайданың қымыздан, қалғаны асыл тұқымды тұлпарларды сатудан құралады. Алайда 4,5 млн-ның ішінде таза қанды сәйгүліктер саны әзірге небәрі 1-2 пайыз ғана.

Жылқы өсіретін шаруашылықтар шартты түрде үш топқа бөлінеді. Біріншісі — ауылдағы шағын отбасы шаруашылығы. Онда көбінесе 5-20 бастай жылқы бағылады. Елдегі жылқының жартысынан астамы осы ұсақ шаруашылықтардың қолында. Олар ауыл маңындағы ортақ жайылымды пайдаланады, жем-шөпті аз сатып алады. Мұндай отбасылар үшін жылқы — кәсіп көзі емес, керек кезде сатылатын қор. Ақшадан қысылса, бірнеше малды сатып жібереді.

Екіншісі — 30-дан 200-300 басқа дейін мал ұстайтын орта шаруа қожалығы. Бұлардың өз жайылымы немесе жалға алған жері бар. Малшы жалдайды, қысқа арнайы жем-шөп дайындайды. Жылқыдан екі маусымда табыс түсіреді. Жазда — қымыз, күзде — ет.

Үшіншісі — 500 бастан бірнеше мың басқа дейін жылқы ұстайтын ірі агрофермалар мен жылқы зауыттары. Мұндағы өндіріс басқа деңгейде. Өздерінің жем-шөп

базасы, бордақылау алаңы, сауын цехы, селекциялық жұмысы болады. Ірі шаруашылықтың артықшылығы — көлемінде. Мал көбейген сайын сан есебінен шығын азаяды.

Демек, отандық жылқы шаруашылығы бір типті емес. Сондықтан бұл үшеуінің мәселесі де бөлек, максаттары да әртүрлі.

ЕКІНШІ ТҮЙТКІЛ: ӨНДЕУСІЗ ӨНІМ ӨРГЕ БАСПАЙДЫ

Жылқы етінің 85-90 пайызы тірі соғым, туша, мүшеленген ет түрінде сатылады. Шұжық, консерві сияқты өңделген өнімнің үлесі 10-15 пайыздан аспайды. Өз кезегінде қымыздың 95 пайызға жуығы сұйық әрі тез бұзылатын күйде саудаланады. Пастерленген, бөтелкеге құйылған немесе ұнтақталған бие сүтінің көлемі 5 пайызға да жетпейді. Өкінішке қарай, шаруа малын шикідей сатқандықтан, пайданы аз табады. Ал ет дүкен сөресіне өңделіп шықса, құны еселеп өсер еді. Өйткені қаржының үлесі дәл осы өңдеу процесінде. Қысқасы, жылқы да көп, сатып алушы да көп, алайда осы үшеуінің арасындағы өндіріс фермердің қолында жоқ.

Жылқы етінің бір келісі Алматы мен Астана нарығында шамамен 4 200-4 800 теңгеге бағаланады. Қазы, қарта, жал, жаяның құны 5 500-7 500 теңгеге дейін барады. Баға, әсіресе қараша-желтоқсандағы соғым уақытында көтеріледі. Қымыздың бір литрі 2 000-2 800 теңгедей. Ірі қалаларда саумал бағасы 2 500-4 000 теңгеге жетіп жығылады. Қымбат болса да, сұраныс бар. Әйтсе де сол ақшаның қаншасы шаруаның қалтасында қалады деген сұрақты жауабы көңіл көншітпейді.

ҮШІНШІ ТҮЙТКІЛ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМСЫЗ ИГІЛІК ЖОҚ

Жылқы өнімдерінің шамамен 80 пайызы бірнеше қолдан өтеді. Шаруадан малды алдымен өңірдегі алыпсатарлар алады. Одан



кейін өнім базарға не сою алаңына барады. Кейін қасапшыға, бөлшек саудагерге, сонында тұтынушыға жетеді. Фермердің тұтынушыға тікелей сататын өнімі 15-20 пайыздай ғана. Себебі көп шаруашылықта тоназытқыш, қойма, арнайы көлік жоқ. Өнімді сактай алмайтын шаруа бағаның өсуін күтіп отыра алмайды. Әсіресе соғым кезінде етті тез өткізу керек. Баға қолайсыз болса да, сатып алушының сұраған сомасына келісуге тура келеді. Әр делдал бағаға үстеме қосады. Жалпы үстеме 30-40 пайызға дейін жетуі мүмкін. Тасымалдың өзі соңғы бағаның 15-20 пайызын алады. Мұның бәрі фермердің нарықтағы орны әлсіз екенін көрсетеді. Ол малды күтіп-баптап өсіргенімен, соңғы бағаны өзі қоймайды.

Экспорттағы жағдай бұдан да қиын. Қазақстан жыл сайын шетелге 1-2 мың тонна ғана жылқы етін шығарады. Бұл жалпы өндірістің 1 пайызынан аз. Экспорттың төмендігіне ішкі сұраныстың жоғарылығы да әсер етеді. Елімізде жылқы еті онсыз да қымбат. Сондықтан шетелдік сатып алушы ұсынатын баға жергілікті нарықтағы бағадан артық бола бермейді. Бірақ мәселе тек бағада емес. Еуропа мен Қытай сияқты

сінше. Жер көп, мал аз. Өйткені құдық жоқ, суат жоқ, жол жоқ. Ондаған млн гектар жайылым пайдаланылмай жатыр. Демек, Қазақстанда жайылым жетпейді деу — жаңсақ пікір. Жайылым бар. Әйтсе де бір бөлігі шамадан тыс пайдаланылып отырса, екінші бөлігіне қол жеткізу қиын. Бұл — шаруашылық экономикасына тікелей әсер ететін мәселе. Жылқы далада тебіндеп жайылғанда шаруаның шығыны азайғанымен, қуаңшылық, жұт, қатқак, т.б. қиын жылдары мал қон жинай алмайды. Арпа, сұлы, жоңышқа тәрізді жем-шөп қоры жеткіліксіз болса, шығын одан әрі өседі.

Құрғақшылық қысқанда шөппен жемнің бағасы екі-үш есеге дейін шарықтап, шаруаның қалтасына ауыр салмақ түседі. Ашық күнде, жайлы жылдары шығыны аз, тиімді болып көрінген шаруашылық табиғаттың тосын мінезіне тап келгенде сыр береді.

Шаруашылықтағы ең маңызды мәселенің бірі — мал басы емес, өнімділік. Қазақстандағы жылқының небәрі 1-2 пайызы асыл тұқымды. Селекцияның әлсіздігі осыдан-ақ көрінеді. Табындардың бір бөлігінде малды іріктеп шағылыстыру жүйесі жоқ. Селекциялық орталықтардың

осы болуға тиіс. «Қанша жылқы бар?» деген сауалдың қасына «бір жылқыдан қанша ет, қанша сүт аламыз?» деген сұрақ қосылмаса, сапаға мән бермей, тек малдың санын көбейте берсек, ерте ме, кеш пе тығырыққа тірелетіміз анық.

Жылқыны жайылымға жіберіп қойып, қарап отыруға болмайды. Табынды бағу, төл алу, малдың қоңын байқау, боранда ығып кеткен жылқыны іздеп табудың өзін еңбекті, қажыр-қайратты, мол тәжірибені талап етеді. Бірақ ауылда малшы-мамандар азайған. Жастар жұмыс іздеп қалаға ағылып жатыр. Шалғай жайылымда не байланыс, не су мен жарық жоқ. Өркениеттен жырақ, инфрақұрылымы жоқ жерде жылқы бағу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Маман тапшы болған сайын мал шығыны мен ұрлық қаупі өседі. Тәжірибелі малшы болмаса, төл алу мен қыстан шығару жұмысы да әлсірейді. Ендеше бұл түйткілді жай ғана «жылқышы жетіспейді» деумен шектемей, шалғай шаруашылықтағы ауыр еңбекті жеңілдететін инфрақұрылымдық жағдайдың жоқтығы деп қарастырған дұрыс.

Жылқы шаруашылығының дамуын тежеп тұрған басты кедергінің бірі — тозығы жеткен

ДӘУЛЕТ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБЕ

логистика. Көп шаруашылықта заманауи сою алаңдары, тона-зытқыш қоймалары мен өңдеу цехтары атымен жоқ. Жолдың нашарлығынан өнімді уақытылы тасымалдау қиын. Әсіресе күзгі соғым маусымында нарықта ет көбейгенде өнімді ұзақ сақтай алмайтын фермер оны амалсыз арзан бағаға өткізеді. Қоймасы бар шаруа бағаның көтерілуін күте алса, инфрақұрылымы нашар шаруа делдалдардың ұсынған бағасына шарасыз келіседі. Бұл түйткілді қаржы тапшылығы одан әрі шиеленістіреді. Екінші деңгейлі банктер жылқы шаруашылығын тәуекелі жоғары сала деп бағалап, ауылдағы жер телімі мен қора-жайды, тіпті малдың өзін де кепілге қабылдауға құлықсыз. Несие қолына тимеген соң фермер асыл тұқымды мал алып, жаңа техника мен өңдеу жабдығын ор-

йып, мал басының артуына айтарлықтай серпін берді. Десе де мемлекеттік демеудің салалық өнімділікке, технологиялық жаңғыруға тигізген нақты ықпалы әлі де басы ашық күйінде қалып отыр.

Бүгінде мемлекеттік қолдаудың үш негізгі бағыты жұмыс істейді. Біріншісі — асыл тұқымды малды субсидиялау. Мемлекет таза қанды айғыр сатып алуға және селекциялық жұмысқа қолдау көрсетеді. Бірақ бұл талапқа елдегі жылқының 98 пайыздан астамы сәйкес келмейді. Сондықтан бағдарламаның қамту аясы тар. Екіншісі — жеңілдетілген несие. «Аграрлық несие корпорациясы» жылқы басын көбейтуге 2,5-6 пайыз мөлшерлемесімен қаржы береді. Бірақ арзан несие алу үшін шаруа қожалығы ресми тіркелген болуы және банкке қоя-

өзгере қойған жоқ. Тәуелсіз сарапшылардың бір тобы бұл қаржыландыруды аграрлық дамудан гөрі «әлеуметтік қолдау» форматына көбірек ұқсатады. Олардың пайымдауынша, мемлекет субсидиясы мен несиеі заманауи технология енгізуге, өнімді терең өңдеуге, өнімділікті арттыруға емес, жай ғана мал санын көбейтуге жұмсалып кетті. Әрине, бұл уәжбен келісуге де, келіспеуге де болады.

Бірақ бір нәрсе айқын. Малдың басын күр өсіре бергенмен, ол өздігінен дайын ет пен қымыз өндіретін завод-фабрикаға, тона-зытқыш қоймаларға немесе шұжық цехтарына айналып кетпейді. Екі мәселенің табиғаты екі бөлек. Біріншісі — «тағы жүз жылқы сатып алу». Екіншісі — «сол жүз жылқыдан алынатын өнімді қымбатқа сату үшін не істеу керек?»

малдың өзін сатып алуға жеткенімен, «малдан кейінгі» өңдеу кезеңіне жетпей қайтады. Ал негізгі қосымша құн мен қомақты табыс дәл осы өңдеу саласында жасалады.

Селекцияда да мәселе бар. Жабы, Көшім, Адай сияқты тұқымдар табиғи ортаға жақсы бейімділген. Бірақ олардың еттілік, сүттілік қасиетін одан әрі жақсарту үшін тұрақты селекциялық жұмыс атқарылуы керек. Асыл тұқым мәртебесін беру мен субсидияны бақылау жүйесінің ашықтығы да маңызды. Осы жүйедегі ақаулардың салдарынан мемлекеттік субсидия мен несие-лендірудің нақты экономикалық тиімділігін таразылау өте қиын.

Сарапшылар тағы бір күрмеулі түйткілді алға тартады. Мемлекеттік қолдаудың шарапаты көбіне құжаты түгел, ірі қожалықтарға бұйырады. Ал халықты нақты етпен де, қымызбен де қамтып отырған шағын және орта фермерлер бұл жүйеге кіре алмай шаршайды. Өкініштісі, субсидияның 80 пайыздан астамы асыл тұқымды мәртебесі бар санаулы ірі қожалықтардың қанжығасында кетеді. Сонда негізгі өнім өндірушілер несиеден де, субсидиядан да тыс қалып отыр.

Бұл жерде мәселе тек «кім қанша ақша алды?» дегенде емес, «мемлекеттік қолдау нарықтағы негізгі өндірісті өзгерте алды ма?», деген сұрақ. Тіпті несие алайын десе, банктердің қатаң кепіл саясаты шаруаның аяғына тұсау болады. Ауылдағы жер мен қора-жай өте арзан бағаланып отырғандықтан, фермерлердің 70 пайызға жуығы өңдеу жабдығын сатып алуға арналған жеңілдетілген қаржыға қол жеткізе алмайды. Яғни нақты өндіріске ақша ауадай қажет, бірақ сол ақшаға барар жол жабық.

СЕЛЕКЦИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТ

Қазақстанда жылқы шаруашылығына дамытуға мол мүмкіндік бар. Кең жайылым өндіріс шығынын төмендетеді. Жергілікті тұқымдар табиғи ортаға бейім. Ішкі нарықта ет пен қымызға сұраныс қалыптасқан. Бірақ осы артықшылықтарды жоғары табысқа айналдыру үшін өндірістің келесі буынын күшейту керек. Алдағы он жылдықтағы басты міндеттің бірі — тек жайылымға арқа сүйеген дәстүрлі жылқы шаруашылығын өнімі терең өңделген, қосымша құны жоғары заманауи индустриялық кәсіпке айналдыру. Мұнда ең алдымен етті өңдеу мәселесі тұр. Қазы, қарта, жал, жая секілді дәстүрлі өнімдердің өзі қазіргі нарыққа бейімделе алады. Вакуумдалған, ұзақ сақталатын, салмағы мен құрамы біркелкі дайын өнімге сұраныс бар. Етті шикідей сатқанша оны өңдеп, дайын өнімге айналдыру шаруаға 50-70 пайызға дейін көбірек пайда әкеледі. Бұл жерде жана дүние ойлап табудың қажеті жоқ. Негізінен ұлттық өнімді әлемдік стандартқа сай қаптап, бүгінгі тұтынушыға ыңғайлы күйде ұсынудың өзі-ақ зор нәтиже бермек.

Қымыздың мүмкіндігі одан да көп. Сусынның басты кемшілігі —

тез бұзылатыны және маусымға тәуелділігі. Сублимация осы екі мәселенің бір бөлігін шешуі мүмкін. Төмен температурада кептірілген қымыз ұнтағын бір-екі айға дейін сақтауға болады дейді мамандар. Бұл қымызға тек сусын ретінде емес, ұзақ сақталатын өңделген өнім ретінде қарауға жол ашады. Мұндай өнім фармацевтика, балалар тағамы, биокоспа және косметика өндірісіне шикізат ретінде ұсынылуы мүмкін. Әрине, технологияның өзі нарықты жасап бермейді. Өнімнің құрамы, қауіпсіздігі, қолдану аясы мен тиісті талаптарға сәйкестігі бөлек дәлелдеуді қажет етеді. Десе де таңдалған бағыттың түпкі мәні түсінікті. Қымызды тек маусымдық сусын шеңберінде қалдырмай, жыл бойы саудаланатын, бәсекеге қабілетті ұлттық өнім деңгейіне көтеру керек.

Негізі жылқы шаруашылығының технологиялық жаңаруы генетикадан басталады. Жабы, көшім, мұғалжар сияқты жергілікті жағдайға бейім тұқымдардың еттілік және сүттілік қасиеттерін жүйелі түрде арттыруға болады. Бұл жерде геномдық селекция секілді жаңа әдістердің мүмкіндігі бар. Мақсат — шетелдік тұқымды жай ғана көбейту емес, жергілікті жылқының табиғи төзімділігін сақтай отырып, өнімділігін арттыру.

Әлемде жайылымға сүйенген мал шаруашылығының да, жылқы өнімдерін өңдеудің де әртүрлі үлгісі бар. Аргентина мен Уругвай жайылымдық мал шаруашылығын ветеринариялық тәртіппен және өнеркәсіптік сою жүйесімен ұштастырған. Германия мен Аустрия қымызды өңдеп, оны медицина мен косметикаға қажет өнімдерге айналдыру жолдарын дамытқан. Моңғолияның шаруашылығы Қазақстанға жақынырақ, онда да өнімді өңдеу жағы ақсап тұр. Осы елдердің моделін сол күйінде көшірудің қажеті жоқ. Біздің жағдай бөлек. Басты артықшылығымыз — кең жайылым. Оны жоғалтпай, сол арзан табиғи өндірістің үстіне заманауи өңдеу мен бақылау жүйесін қосқан дұрыс. Яғни Қазақстанға дәстүрлі жайылымдық шаруашылықтан бас тарту емес, оны жаңа деңгейге шығару қажет.

Әрине, әр елдің өзіндік сұраныс ерекшелігі бар. Қытай нарығы үшін термиялық өңдеуден өткен ет өнімдері, құрғақ сүт ұнтағы сияқты стандартталған тауарлар қолайлы болса, Парсы шығанағы елдерінде халал стандартына сай, экологиялық жағынан таза жылқы еті премиум сегмент ретінде бағаланады. Ал Еуропа, Жапония, Оңтүстік Кореяда ұзақ сақталатын қайта өңделген қымыз өнімдері өтімді болар еді. Алайда бұл мүмкіндіктердің бәрі өнімнің өзінен бұрын мызғымас өндірістік жүйені талап етеді. Ветеринариялық құжаттау, сапаны бақылау, стандартқа сай сою, өңдеу, қаптау, сақтау және үздіксіз логистика тізбегінің біреуі ақса, экспорттық жүйе бұзылады. Сондықтан сыртқы нарықты бағындырудың жолы мал басын күр көбейтуде емес, өндірістік жүйені мінсіз жүргізуде жатыр.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

ТӨРТ ТҮЙТКІЛ



Мемлекеттік қолдаудың шарапаты көбіне құжаты түгел, ірі қожалықтарға бұйырады. Ал халықты нақты етпен де, қымызбен де қамтып отырған шағын және орта фермерлер бұл жүйеге кіре алмай шаршайды.

ната алмайды. Сөйтіп, соңында етті шикізат күйінде арзанға сатады.

Жылқы шаруашылығына жаңа тенологияны енгізу — өз алдына өзекті міндет. Мысалы, GPS малдың қайда жүргенін бақылауға көмектессе, дрон шалғай жайылымды алыстан бақылауға мүмкіндік береді. Автоматты сауу адам еңбегін жеңілдетеді. Оның бәріне ең алдымен инвестиция керек. Осыдан барып төртінші түйткіл туындайды.

ТӨРТІНШІ ТҮЙТКІЛ: ҚАРЖЫ ТАПШЫЛЫҒЫ МЕН ТИІМСІЗ СУБСИДИЯ

Қазақстанның аграрлық саясатында жылқы шаруашылығы ұзақ уақыт бойы ірі қара мен құс шаруашылығының көлеңкесінде қалып келді. Кейінгі жылдары бұл салаға қаржылай қолдау мен жеңілдетілген несие ағыны көбе-

тын құнды кепіл мүлкі болуы шарт. Үшінші бағыт — ең даладағы шалғай жайылымдарға жан бітіріп, суландыру инфрақұрылымын дамыту. Сондай-ақ шалғайдағы жайылымға су шығару үшін құдық қазған немесе күн батареясын орнатқан шаруаларға жұмсалған шығынның 50-80 пайызын мемлекет субсидия ретінде қайтарып береді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған мәліметтерге көз жүгіртсек, жеңілдетілген микрокредиттер ауылдық жерлердегі жұмыссыздықты азайтып, мал басын өсіруге ықпал еткен. Арзандатылған қаржыға қол жеткізген ағайынның басым бөлігі қаражатты тікелей жылқы сатып алуға бағыттаған. Яғни мемлекеттік бағдарламалардың мал басының өсуіне серпін бергені даусыз.

Алайда тартылған инвестицияның ішкі сипаты түбегейлі

деп ойлану. Мемлекеттік саясаттың келесі кезеңі осы екінші сұраққа көбірек жауап іздеуі керек. Шалғай жайылымдарды суландыру — осы қайшылықтың нақты мысалы.

Құдық қазу шығынының 50-80 пайызын мемлекет өтеп береді, дегенмен іс жүзінде саланы іштен жегідей жеген бюрократия, білікті мердігерлердің тапшылығы мен қатаң кепіл талаптары бұл игі бастаманың аяғына тұсау болуда. Соның салдарынан қағазда жоспарланған құдықтардың едәуір бөлігі қазылмай қалады. Ал сусыз жерде шалғайдағы жайылымды игеру мүмкін емес. Еріксіз ауыл маңына қайта шоғырланған мал басы топырақты тоздырып, өрісті тозығын шығарады. Өрісі тартылған шаруа қолдан жем-шөп беріп, шығынын екі еселейді. Нәтижесінде, мемлекеттен қаржы бөлінгенімен, көзделген мақсат межеіне жетпейді. Екінші жағынан, өнімді өңдеу өндірісіне берілетін қолдау да дәрменсіз болып тұр. Ет пен қымызды өңдейтін, сублимациялайтын, халықаралық стандартқа сай сою және қаптау орындарын салатын кәсіпорындарға жеткілікті ынталандыру мүмкіндіктері қарастырылмаған. Сондықтан бюджет қаржысы

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Оның бойында қаталдық та, мейірім де бар еді. Мыңдаған шәкіртке талап қоя білген аяулы ұстаз балаларының бойына қазақы қалыпты сіңіртіп өсірді. Қиындықта майыспай, ғылымнан медет тапқан ол ұрпағына атақтан бұрын еңбек пен тәртіпті мұра етті. Бұл – ел таныған тұлғаның баласы таныған болмысы. Темірбек Қожакеевтің өмір жолы бұралаңы көп, қиын болса да, ол қаншама болам деген жандардың білім шырағын жақты. Биыл сатира саңлағының туғанына 100 жыл толды. Бүгінгі кейіпкеріміз Мадет Темірбекұлымен әкесінің көпшілік біле бермейтін ерекше қасиеттерін сөз еттік.

Мадет ТЕМІРБЕКҰЛЫ:



Әкемнің ЕҢ МЫҚТЫ ҚАРУЫ – САТИРАСЫ

— Ұстазымыз Темірбек Қожакеевтің тәлімін алдық. Ол кісінің шекпенінен шыққан шәкірті өте көп. Ғалым, ұстаз, сатирик ретінде есімі елге белгілі. Аға буын журналистердің көпшілігі әкеңіздің қаталдығын жыр қылып айтады. Ал сіздің жадыңызда қалған әке бейнесі қандай?

— Әкем — соғыстың ауыртпалығын көрген азамат. Соғыс өрті әлі басылмаған 1944 жылы әскерге шақырылып, Сталинград, Новочеркасск, Баку қалаларында, сондай-ақ Дағыстанда әскери штабта қызмет атқарған. Небір кескілескен ұрыстардың куәсі болып, соғыстың ащы дәмін бір кісідей татып қайтты.

Соған қарамастан, білімге деген құштарлығын жоғалтқан жоқ. Өзінің келешегін оқусыз елестете алмайтын жан әскерден аман-есен оралған соң, 1948 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түседі. 1953 жылы оқуын аяқтап, сол факультетте оқытушылық қызметке қалдырылады. Әкемнің журналистика факультетімен біте қайнаскан ғұмыры осылай басталған еді.

— Адамның есімі өміріне әсер етеді дейді. Ол кісінің есімінің өзі — Темірбек. Әкесі «темірдей мықты, тәртіпті бол» деген ниетпен қойған секілді.

— «Анасы Арзыхан ұл тапты» деген сүйінші хабарды естіген сәтте әкесі Қожаке қуаныштан көк аспанға масайрай карағанда, көзіне шоктай жарқыраған Темірқазық жұлдызы түсіпті. Сонда: «Темірқазық жұлдызы туғанда дүниеге келген бала ғой. Ертең қуанышым, өмірімнің қызығы болсын» деп атын Темірбек қойыпты.

— Әкеңіздің ел білетін қаталдығы мен талапшылығының ар жағында қандай мінез жататын еді?

— Әкемнің тәлімін көрген шәкірттерінің көбі оның қаталдығы мен талапшылығын жиі айтады. Ал үйде, былайғы ортада мүлде басқа адам еді. Ақкөңіл, кішіпейіл, жайдары болатын. Әзіл-қалжың аралас әңгіме айтқанды жақсы көретін.

Үйге келген студенттерімен де өзін ұстаз ретінде биік қоймай, тең құрбысындай емен-жарқын сөйлесетін. Шәкіртіне қажет мағлұматтың бәрін тауып беруге тырысатын. Қолында барын бөлісуге дайын тұратын жомарттығы да бар еді. Ақшадан тарыққан шәкіртін көрсе, «қайтарымсыз қаражат» деп қолына ақша ұстатып жіберетін.

Сондықтан жұрт айтып жүрген әкемнің «қаталдығының» ар жағында шәкірті білімді болса екен, мықты азамат болып қалыптасса екен деген ақеділ ниеті жататын. Жалқаулыққа жаны қас еді. Бұра тартқан адамды көрсе, сөзбен түйреп, тәртіпке шақыратын. Әсіресе жұмыс барысында темірдей тәртіптің адамы болды. Шәкірттерінің әлі күнге дейін аңыз қылып айтатыны да осы мінезі шығар.

— Әкеңіздің екі бірдей ағасы соғыстан оралмаған. Одан бөлек, бауырлары болды ма?

— Екі ағасы соғыстан оралмады. Тағы бір бауыры өмірден ерте өтті. Сондықтан бауыр-

дың, жақын адамның қадірін терең сезінетін еді. Бәлкім, сол жалғыздықты сезінбеу үшін шығар, бізді үнемі жанынан тастамайтын.

Төрт баласын қасынан қалдырмай, елдегі ағайынға жиі ертіп баратын. Бізге ел танытты, жер танытты. Қала маңындағы саяжайда еңбекке баулыды. Тазалықты ерекше жақсы көретін. Адалдықты, адамгершілікті бәрінен жоғары қоюды үйретті. Зиялылықтың қандай болатынын сөзбен емес, өзінің жүріс-тұрысымен көрсетті. Өтірік айтқанды ұнатпайтын, қандай бұзықтық істесе те, шынымызды айтатын едік.

АУЫЛДАН АДАМ КӨШКЕНМЕН, АДАМНАН АУЫЛ КӨШПЕЙДІ

— Ол кісі балаларына қатты дауыс көтеріп, ұрысып сөйлеген кездері болды ма?

— Жоқ, әкем үйде дауыс көтеріп, бізді ұрысып тәрбиелеген адам емес. Үйдің үлкені болғандықтан ба, мен оның көңіл күйін қасқабағынан-ақ танып отыратынмын. Әкем де менімен кейде баласындай емес, інісіндей ақылдасып, сыр бөлісетін. Ал үш қарындасыма деген әкелік мейірімі тіпті бөлек еді. Ешқайсымызға зекіп, ұрыспай-ақ, бір қабағымен көп нәрсені ұқтыратын.

Каникул басталған бойда ауылға баратынбыз. Ауылға барған соң да қарап жатпаймыз: қой кезекке шығамыз, ауылдағы тай-құлындай тебісіп өскен достарымызбен доп қуалап, асық ойнаймыз. Әкем мені атқа мінгізіп, ер үстінде отыруды үйретті. Салт-сананы, дәстүрді бойымызға осылай сіңірді. «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді» демей ме? Әкем ауылдан көшсе де, алыс кеткен жоқ. Үнемі қала мен ауылдың ортасын жол қылып, біте қайнасып өстік.

— Қазақы қалыпты бойға сіңіріп өсуге әкеңіз тәрбиесі мол болған секілді. Ол кісінің жүріс-тұрысы, өмір сүру қалпы арқылы үйреткен өмірлік ең үлкен сабағы не болды деп ойлайсыз?

— «Тәрбие — тал бесіктен» дейді ғой. Әкемнің бізге берген ең үлкен тәрбиесі — қазақылық. Ол кісі оны біздің етімізден өткізіп, сүйегімізге сіңіріп кетті десем болады.

Біздің үйге келетін адамның есебі болмайтын. Көз ашқаннан көргеніміз — қазақтың зиялы қауымы: ақындар, жазушылар, ғалымдар. Олардың әңгімесі, білімі, өнері біз үшін үлкен мектеп болды. Әкенің ұрпағы дүбәра болса, әулетке сын емес пе? Осыны біз жастайымыздан жадымызға түйіп, ұлттық болмысымызды жоғалтпай өсуге тырыстық.

ҒЫЛЫМНАН САЯ ТАПТЫ

— Әйгілі Желтоқсан оқиғасы тұсында «жастарды көтеріліске белсенді насихаттады» деген желеумен әкенізді жұмыстан шығар-

ғанын білеміз. Сол сын сәттерде әкеңізге жанашыр болған жандар бар ма?

— Иә, сол бір ауыр кезеңде талай азамат жазықсыз жапа шекті. Әкеме де жала жабылып, қуғын-сүргін көрді. Бұл туралы баспасөзде де көп жазылды. Әкем жаланың қармағына іліпкәнімен, ақырында әділеттің таразысы оны ақтап шықты.

Өзі табиғатынан қайсар адам еді. Бұл сынақта да емендей беріктік танытты. Боркемік болған жоқ, майыспады, сынбады. Абай хакімнің «Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме» дегеніндей, ар-намысы үшін аянбай күресті. «Жалғыз қалдым» деп жасқанған да, жасыған да жоқ.

Сол күндері сырттай дос болып жүрген кей адамдардың хал сұрауға да жарамағанын көрді. Бірақ әкем оған да мойымады. Арнамысын тапталпай күрескен ауыр күндер артта қалып, ақыры шындық салтанат құрды. Әкем ақталды.

Сол қиын шақта шырылдап араша түсіп, әкемді қорғаған жалғыз адам — қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті тұлғасы, академик Зейнолла Қабдолов еді. Жаны жәннатта болсын!

— Әкеңіздің жігерін жасытпай, қайта шыңдаған не нәрсе деп ойлайсыз? Сол қиын сәттерде немен айналысты?

— Әкем сол ауыр күндердің өзінде шығармашылықтан қол үзген жоқ. Керісінше, ғылымға бұрынғыдан да терең бойлап, көптеген ғылыми еңбек жазды. Таңғы тоғызда үйден шығып, кеш қарайғанша Ұлттық кітапханада отыратын. Қалыптасқан күн тәртібін бұзбайтын, жұмыс кестесін бұлттыпай орындайтын.

Ғылымнан сая тапты. Тағдыры өзіне ұқсас арыстардың сарғайып, үгітілуге шақ қалған хаттарына үңіліп, солармен іштей сырласқандай болатын. Кейін сол жылдары тірнектеп жинаған мол мұрасы құнды еңбектерге айналып, кітап болып бірінен соң бірі жарық көрді. Қиындық оны тоқтатқан жоқ, қайта қаламын қайрай түсті.

— Жылдар өткен сайын әкенізді басқаша танып, кезінде мән бермеген сөзінің немесе әрекетінің қадірін кейін түсінген кезіңіз болды ма?

— Әкем бала күнінен қатал тәртіпке тәрбиеленген адам. Оның ұғымында тәртіп бар жерде еңбек бар. Қол қусырып қарап отыруды жаны сүймейтін. Еңбексіз жүрген, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» күн көргісі келетін адамдарды қабылдай алмайтын.

Жалқаулықты, жатыпшарлықты, даракылықты қаламымен де аяусыз түйреді, сын тезіне салды. Оның ең мықты қаруы — сатирасы еді. Өмір бойы қолынан қаламын тастамады. Қазір ойласам, әкемнің бізге қалдыр-

ған ең үлкен өсиеттерінің бірі де осы — адамды алға сүйрейтін еңбек пен тәртіп екен.

АМАНАТҚА АДАЛ БОЛУ — МІНДЕТ

— Жазушы Зейнолла Қабдоловтың әкеңізді «Мық шеге» деп атағанын білеміз. Достары да әкеңізді ерекше құрмет тұтты. Ал анаңызға әкеңіздің қарым-қатынасы қандай болды?

— Әкеміз кештеу, отыз жасқа таяғанда үйленіпті. Ол кезде анамыз Азат №12 мектепті енді ғана бітірген, бұрымы желбіреген жас қыз екен. Әкеміз оны ұнатып, сезімін білдірген. Анам да келісімін беріп, екеуі шаңырақ көтерген.

Анамыз Азат — Алматы облысы Жамбыл ауданының тумасы, атақты Түктібай әулетінің ұрпағы. Парасат-пайымы биік, кеңпейіл, ақжарқын, көпшіл жан еді.

Анам әкемнің өмірлік жары ғана емес, шығармашылықтағы үлкен тірегі болды. Әкемнің қолжазбаларын қағазға түсіріп, түні бойы жазған дүниелерін кішкентай жазу машинкесіне басып отыратын. Көмекшісі де, рухани демеушісі де, алғашқы оқырманы мен басты сыншысы да анам еді.

Анамның әкемді үнемі күлімсіреп қарсы алатын жылы жүзі әлі күнге дейін көз алдымда. Макпал үні де құлағымда қалған. Сол бір көріністерді ойласам, екеуінің арасындағы сыйластықтың қаншалықты терең болғанын қазір тіпті жақсырақ түсінемін.

— «Жақсы әкенің аты балаға қырық жыл азық» дейді. Керісінше, жақсы әкенің аты балаға екі есе жауапкершілік жүктейтін секілді. Қалай ойлайсыз?

— Әрине, жақсы әкенің аты — мақтаныш қана емес, үлкен жауапкершілік. Әсіресе әкенді ел танып, еңбегін бағалап, шәкірттері құрметтеп тұрса, оның атына кір келтірмеу туралы ой үнемі сананда жүреді екен. Бізге де әкеміздің абыройы көп жағдайда өлшем болды.

Бала күнімізде мұны терең түсіне қоймаған шығармыз. Кейін есейіп, елдің әкемізге деген ықыласын, шәкірттерінің құрметін көрген сайын оның артында қаншама еңбек, талап пен табандылық жатқанын ұқтық. Сонда «осындай адамның баласымыз» деген мақтанышпен бірге, «осы атқа лайық болуымыз керек» деген жауапкершілік те күшейе түседі. Әкеміз бізден міндетті түрде өзі секілді ғалым немесе ұстаз болуды талап еткен жоқ. Бірақ адал болуды, еңбектенуді, бастаған істі соңына дейін жеткізуді үйретті. Сондықтан біз үшін әкеміздің қалдырған ең үлкен мұрасы — атак-абыройынан бұрын, сол өмірлік ұстанымдары. «Жақсы әкенің аты балаға қырық жыл азық» болса, оның аманатына адал болу — өмір бойғы міндет деп ойлаймын.

— Ұстаз есімін ұмытпай, жиі хабарласып тұратын шәкірттері көп пе?

— Әкем декан болып қызмет еткен 16 жылдың ішінде жиырма мыңнан астам журналист тәрбиелеген екен. Бұл — баспасөз майданындағы тұтас бір армия деуге болатын үлкен мектеп. Оның шәкірттерінің арасынан талантты журналистер, қоғам қайраткерлері, төрт бірдей министр, баспа директорлары мен бас редакторлар шықты. Меніңше, мұны әкемнің ұстаздық жолының жемісі әрі үлкен жеңісі деуге болады.

Талай студенттің Мәскеуге оқуға жіберді. Олар білімін сондағы университетте жалғастырып, бітіріп келді. Ол кезең үшін мұның өзі үлкен жаңалық еді. Ұстаз үшін екен дегенің жемісін, тәрбиелеген шәкіртінің биігін көруден асқан қуаныш бар ма?!

— Немерелеріне берген ең үлкен ұлағаты қандай еді?

— Әкем хакім Абайдың сөзін өміріне темірқазық етті. Оның:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап», — деген

өлең жолдарын немерелерінің де құлағына құйып өтті. Өзі ғұмыр бойы ұстанған еңбек, ақыл, адалдық пен өз күшіне сену қағидасын кейінгі ұрпағына да аманаттап кетті.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

ПАРАСАТ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Еуразияның қақ ортасында орналасқан Қазақстан орасан зор транзиттік әлеуетке ие. Температура айырмасы өте жоғары, климаты күрт континенттік ел жағдайында ұзақ мерзім қызмет ететін көлік инфрақұрылымын қалыптастыру – тек экономикалық мәселе ғана емес, мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздігінің де маңызды құрамдас бөлігі.

Біреулер жолды бір нүктеден екінші нүктеге жеткізетін бағыт ғана деп қараса, енді бір адамдар бүкіл ғұмырын бір жолдың ондаған жыл бойы мінсіз қызмет етуіне, алғашқы қыстан кейін-ақ бүліну себептерін терең зерттеуге арнайды. Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Телтаев үшін жол – өмірлік мұратқа, терең ғылыми ізденістің нысанына, кәсіби жауапкершілік пен елге қалтқысыз қызмет етудің айқын үлгісіне айналды. Көрнекті ғалым, отандық жол ғылымы мектебінің негізін қалаушы әрі ірі ғылым ұйымдастырушысы биыл наурызда 60 жасқа толды.

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ӘЛЕМДІК ҒАЛЫМ

Академиктің қалыптасу жолы Жамбыл облысы Меркі ауданындағы шағын Жауғаш батыр ауылынан бастау алады. Ол 1966 жылғы 23 наурызда осы ауылда дүниеге келген. Еңбекқорлық пен білімге деген ұмтылыстың алғашқы негізі ауыл мектебінде қаланды. 1973-1976 жылдары «Қазақстан» колхозындағы Кеңес мектебінде оқып, 1983 жылы Шу ауданындағы «Алға» совхозының Амангелді Иманов атындағы орта мектебін үздік тәмамдады. Германиядағы Кеңес әскерлері тобының автомобиль ротасында әскери қызмет өткеруі де жас жігіттің өмір мектебіне айналып, болашақ мамандығын нақты айқындауына ықпал етті. Алматы автомобиль-жол институтының жол факультетіне оқуға түскен Бағдат Бұрханбайұлы 1991 жылы «Автомобиль жолдары» мамандығын үздік бітірді. Бүгінде бұл оқу орны М.Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті деп аталады. Дәл осы жерден оның академиялық жолы басталып, тағылымдамашы-оқытушы мен ассистенттен кафедра меңгерушісі және профессор дәрежесіне дейін көтерілді.

Бағдат Телтаев жас кезінен-ақ құр ғылыми симпозиумдарда талқылаумен шектелмейтін, күнделікті өмірде, жол үстінде нақты сезінуге болатын қолданбалы ғылымды таңдады. Ұлттық ғылым академиясының Механика және машинатану институтында аспирантураны 1994 жылы, докторантураны 1998 жылы аяқтағаннан кейін ол жол материалдарында жүретін құр-

делі физикалық-химиялық және механикалық үдерістерді терең зерттеуге кірісті.

Жол жабыны аязда неге жарылады, ал жазда неге жолтабан іздері пайда болады? Асфальтбетонның қасиеттеріне битум сапасы, температуралық градиенттер және ауыр жүк көліктерінен түсетін қайталама динамикалық жүктемелер қалай әсер етеді? Бұл сауалдарға жауап табу кешенді ғылыми тәсілді талап етті.

Академик ғылыми ізденістерінде қолданбалы реологияны,

ЖОЛ САЛАСЫНЫҢ ЖАМПОЗЫ

жол конструкциялары мен олардың топырақ негіздеріндегі жылу және ылғал тасымалы үдерістерінің термодинамикасын қамтыды. Осы көпжылдық зерттеулердің нәтижесінде ресми түрде танылып, арнайы дипломдармен тіркелген үш ғылыми жаңалық ашылды. Олар асфальтбетон жабынының төмен температурада жарықшақтану кезіндегі өзін-өзі ұйымдастыру заңдылықтарын, тұтқыр-серпімді материалдардың сатылы шаршау деструкциясын және нанокұрылымды битум түзілу құбылысын сипаттайды. Бұл еңбектердің әлемдік ғылым үшін мәнінанызын «Телтаев принципі», «Радовский-Телтаев моделі» және «Ысқақбаев-Телтаев интегралы» сияқты орныққан ғылыми атаулар да айғақтайды.

Ғалымның ғылыми мұрасында бірлескен зерттеулердің де орны ерекше. 2018 жылы беделді халықаралық Springer баспасы Б.Телтаев пен профессор Б.Радовский бірлесіп жазған монографияны жарыққа шығарды. Жалпы алғанда, ғалымның ғылыми қоржынында 900-ге жуық ғылыми еңбек, 8 монография, 40-тан астам өнертабыс, 10 оқу құралы және 5 терминологиялық сөздік бар.

ҒАЛЫМ ӨЗ ОТАНЫН ТАҢДАДЫ

Бағдат Телтаевтың ғылыми таланты әрдайым жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен және мемлекеттік деңгейде ойлай білу қасиетімен ұштасып

келеді. Оның кәсіби жолы мүлде басқа арнада өрбуі де мүмкін еді. Ғалымға бірнеше рет АҚШ, Канада, Аустралия, Қытай және Ресейде жұмыс істеу туралы ұсыныстар түскен. Әсіресе 2005 жыл оның өміріндегі шешуші кезеңдердің бірі болды. Сол уақытта ол Еуропадағы беделді тағылымдама мен Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтын басқарудың бірін таңдауы керек еді. Ғалым Қазақстанды таңдады.

PI BITUM зауытын іске қосу бар. Осы кезеңде еліміздің өңірлерінде 70-тен астам инновациялық материал енгізіліп, 200-ге жуық тәжірибелік-эксперименттік жол учаскесі салынды.

Салада мемлекеттік деңгейде жүйелі өзгерістер қажет екенін түсінген академик оны реформалау үдерісіне белсенді араласты. 2023 жылы оның бастамасымен Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясында «Кө-

Қазақстандағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 96 000 шақырымнан асады. Бұл орасан зор көлік желісі ауа райы қатал 2 түрлі жол-климаттық аймақты кесіп өтеді.

2006-2022 жылдары оның басшылығымен ҚазЖолҒЗИ Еуропадан әкелінген заманауи жылжымалы зертханалармен және АҚШ-тың бағдарламалық кешендерімен жабдыкталып, әлемдік деңгейдегі қуатты ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Институт еліміздің ауқымды инфрақұрылымдық жобаларының негізгі ғылыми-техникалық қозғаушы күштерінің бірі болды. Олардың қатарында ТМД аумағындағы алғашқы «Астана – Бурабай» жоғары жылдамдықты автомагистралінің құрылысы, ұзындығы 2 787 шақырым болатын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансконтиненталдық дәлізін қайта жаңғырту және Ақтаудағы CAS-

лік ғылымы» секциясы ашылды. Елдің көлік-логистика кешеніндегі мәселелерді терең зерделей отырып, Бағдат Бұрханбайұлы көлік ғылымын басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер қажет екенін негіздейтін кешенді талдамалық жазба әзірлеп, Президент Әкімшілігіне жолдады.

Оның бұл көзқарасы кейін нақты іске асты. Ұлттық ғылым академиясы мен АЛТ Университетінің бірлесуімен Көлік ғылымдары және технологиялар институты құрылды. 2026 жылғы қаңтарда академик Телтаев аталған институттың басшылығына келіп, саланы дамытудың жаңа бағыттарын айқындады. Сонымен қатар ол ҰҒА-ның Жаратылыстану-техникалық

ғылымдар бөлімшесі төрағасының орынбасары ретінде ғылыми кеңестер жұмысына белсенді қатысып, Қазақстандағы ғылымды дамытуға қатысты нормативтік құқықтық актілерді талқылау мен сараптауға елеулі үлес қосып келеді. Оның жетекшілігімен Кеден одағының 11 мемлекетаралық стандарты және 60-тан астам ведомстволық норматив сінды маңызды нормативтік құжаттар әзірленді. Отандық ғылыми-техникалық жаңалықтардың бірі ретінде Қазақстанның ерекше климаттық аймақтарына бейімделген KazPave жол төсемдерін жобалау жүйесін айтуға болады.

ҒЫЛЫМ ЭСТАФЕТАСЫ ШӘКІРТТЕРМЕН ЖАЛҒАСТЫ

Академиктің еңбегі мемлекеттің жоғары деңгейінде де лайықты бағаланып келеді. 2024 жылы Бағдат Телтаевты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдады. Жол саласындағы мәселелер жан-жақты талқыланып, Президент ғалымның ұсыныстары негізінде Үкімет пен салалық министрлікке нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ академикке жол саласын дамытуға қосқан үлесі үшін жеке алғыс білдіріп, атаулы қолсағат табыс етті. Бұл ретте ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде озық ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізудің аса маңызды екеніне назар аударды.

Дегенмен кез келген ғалымның ең үлкен жетістігі – өзі қалыптастырған ғылыми мектеп. Өз кезінде академиктер Ж.Ержанов пен Ш.Айтиалиевтің, профессорлар Б.Мұртазин, А.Ысқақбаев, Б.Радовский және А.Құсайыновтың ғылыми мектебінен тәлім алған Бағдат Телтаев кейін өзі де тұтас зерттеушілер буынын тәрбиеледі. Оның шәкірттері арасында 5 ғылым докторы, 27 ғылым кандидаты және 7 философия докторы (PhD) бар. 2006 жылы оның есімі республикадағы жол ғылымы мектебінің негізін қалаушы ретінде «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына енгізілді.

60 жасқа толған мерейтойына академик Телтаев тек ғылыми жарияланымдар санымен өлшеуге келмейтін ауқымды мұрамен келіп отыр. Оның қаржырлы еңбегінің арқасында өңірлер мен мемлекеттерді жалғаған мындаған шақырым сенімді жол салынып, тұтас бір саланың берік нормативтік-техникалық негізі қаланды. Отандық ғылымның эстафетасын жалғастырып келе жатқан шәкірттер мен ізбасарлар шоғыры қалыптасты. Жол әрдайым алға бастайтын қозғалысты білдіреді. Ал Бағдат Бұрханбайұлы үшін ғұмырға ұласқан бұл жол әлі де жалғасып, Қазақстан үшін жаңа көкжиектерге бастай бермек.

Айдар БЕК





19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Жақсы қызмет, жоғары жалақы, мансап сатысымен үздіксіз көтерілу – бір кездері табысты адамның қалыптасқан өлшемі секілді көрінетін. Ал бүгін еңбек нарығына шыққан жаңа буын бұл түсінікті қайта қарастырып жатыр. Жақында Deloitte Global ұйымы жүргізген ауқымды зерттеуін оқыдық. Зерттеу Z буыны мен миллениалдардың еңбекке деген көзқарасы өзгеріп қана қоймай, жұмыс әлемінің өзін өзгертіп жатқанын көрсетеді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

2030 жылға қарай Z буыны мен миллениалдар әлемдік жұмыс күшінің 74 пайызын құрайды деген болжам бар. Сондықтан бүгін олардың жұмысқа, ақшаға, білімге, басшылыққа және өмір сапасына көзқарасын түсіну – ертеңгі еңбек нарығын түсінумен тең. Deloitte Global компаниясының 2025 жылғы Gen Z and Millennial Survey зерттеуіне әлемнің 44 елінен 23 482 адам қатысқан. Зерттеу бұл екі буынның бұрынғы қалыптасқан еңбек моделіне күмәнмен қарай бастағанын аңғартады. Олар жай ғана жұмыс орнын емес, өз өміріне сай келетін ортаны іздейді.

ЗУМЕРЛЕР ТАҢДАҒАН ЕҢБЕК МОДЕЛІ

Бір қарағанда бүгінгі жастардың мансапқа қызығушылығы бәсеңдегендей көрінуі мүмкін. Z буыны өкілдерінің небәрі 6 пайызы ғана мансабында жоғары басшылыққа қызметке жетуді көздейтінін атаған. Зумерлер өкілі жұмыс берушіні таңдағанда да оқу, жаңа білім игеру және кәсіби дамуға мүмкіндік бар-жоғына қарайды. Олар жұмыс орнын тек айлық алатын мекен ретінде қабылдамайды. Қызмет адамның тәжірибесін көбейтіп, қабілетін ашып, келесі қадамға дайындауы керек деп есептейді.

Кейінгі жылдары жастарға қатысты quiet quitting, яғни міндетті жұмысты ғана орындап, артық күш жұмсамай, bare minimum Mondays немесе productivity theater секілді ұғымдар тарайды. Соның әсерінен зумерлердің жұмысқа құлшынысы төмен, жауапкершіліктен қашатын ұрпақ деген пікір де қалыптасты. Бірақ мәселе жалқаулықта ғана ма? Әр буын еңбек жолын әртүрлі тарихи жағдайда бастады. Миллениалдардың үлкен бөлігі қызметке 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы тұсында кірісті. Жұмыссыздық жоғары, жалақы өспейтін, тұрақтылық аз кезең оларды көбірек еңбек етуге мәжбүр етті. Ал Z буынының алғашқы кәсіби тәжірибесі пандемиямен тұспа-тұс келді. Қашықтан жұмыс, белгісіздік, денсаулыққа алаңдау, әлеуметтік окшаулану адам-

пікірінше, қатаң иерархияға негізделген дәстүрлі басқару үлгісінің орнына икемді әрі серіктестік сипатта құрылған қарым-қатынас алға шығып келеді. Дегенмен бұл қызметкердің жауапкершілігі азаяды дегенді білдірмейді. Өзгеретіні – басқарудың формасы мен адамдар арасындағы қарым-қатынас стилі.

ДИПЛОМНЫҢ ДӘУІРІ ӨТІП БАРА МА?

Жаңа буын жоғары білімнің өзін де қайта таразылап отыр.

Уақыттен ҮНДЕСКЕН ҰРПАҚ

дарды «жұмыс өмірімнің қай тұсында тұруға тиіс?» деген сұраққа қайта оралтты. Нәтижесінде жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдік жаңа буын үшін негізгі құндылықтардың біріне айналды. Бәлкім, мәселе жастардың жұмыс істегісі келмеуінде емес, жұмыстың бүкіл өмірін жұтып қойғанын қаламауында шығар. Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабектің айтуынша, зумерлер негізінен үш нәрсеге мән береді: психологиялық жайлылық, жұмыс уақытының икемділігі және жоғары жалақы. Дегенмен мұндай талаптардың барлығы көбіне үлкен қалаларда орындалуы мүмкін. Ал аймақтардағы жағдай күрделірек. Өйткені онда жайлы жұмыс орнын таңдаудан бұрын, жұмыс табудың өзі өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі жастардың миллениалдардан ерекшелендіретін белгілердің бірі де сол – бір жұмыста тұрақты істемейді.

— Маған ұнамайтыны – қысқамерзімді курстардың көбейіп кетуі. Олар көбіне SMM, IT, бухгалтерлік қызмет көрсету секілді бағыттар бойынша белгілі бір дағдылар береді. Мұның басым бөлігі – сервистік, яғни қызмет көрсетуге бағытталған мамандықтар. Сонда біздің жастардың көпшілігі осы салаларға кететін болса, экономиканың негізгі секторларында – ауыл шаруашылығында, өңдеуші өнеркәсіпте кім жұмыс істейді деген сұрақ туындайды. Мұны бір жағынан еңбек нарығының тарлығымен түсіндіруге болады. Тұрақты жұмыс орындары жеткіліксіз болғандықтан, көпшілік сервистік мамандықтарға ауысады. Бұл жақсы тенденция емес, — дейді Айсұлу Молдабек.

Z буынының еңбек нарығына келуі жұмыс берушілерден де басқару тәсілін өзгертуді талап етеді. Айсұлу Молдабектің

өндіріс, маркетинг секілді салаларда дипломынан бұрын портфолиосын көрсететін жастар көбейді. Бірнеше айлық курстан кейін жаңа мамандыққа ауысып кету де таңсық емес.

— Жоғары білімді практикалық тұрғыдан жетілдіру маңызды. Бірақ теориялық білім де керек. Әсіресе экономиканың нақты салаларында білікті маман болу үшін іргелі білім қажет. Сондықтан дипломды құнсыздандырмауымыз керек деп ойлаймын. Жоғары білім экономиканың әртүрлі саласын білікті кадрлармен қамтамасыз етуге тиіс. Егер нарықта тұрақты жұ-

мысын негізгі стресс көздерінің бірі деп есептейді. Психолог Балабек Сақтағанов жастардың ынтымақсыздығын тек жалқаулықпен байланыстыру дұрыс емес екенін айтады. Оның пікірінше, лайықты жұмыс таба алмау, қайта-қайта сәтсіздікке ұшырау және еңбек нарығындағы мүмкіндіктің шектеулі болуы жастардың біртіндеп түңілуіне әкелуі мүмкін. Сарапшы жоғары білімді жастардың жұмыссыз қалуынан білім жүйесі мен еңбек нарығы арасындағы алшақтық та байқалатынын атап өтті.

— Бір жағынан, жастарға «білім ал, маман бол» дейміз. Екінші жағынан, дипломын алып шыққан түлектен бірнеше жылдық тәжірибе талап етеміз. Ал ол тәжірибені қайдан жинауы керек? Бұған лайықты жалақы мәселесі қосылады. Сондықтан ұсынылған жұмыстан бас тартқан жасты бірден «жұмыс істегісі келмейді» деп бағалау дұрыс емес. Мәселе кейде жастың талабында емес, еңбек нарығы ұсынып отырған мүмкіндікте, — дейді Балабек Сақтағанов.

Жоғары білімді жастар NEET санатына түсіп жатады, кейбірі күткен деңгейдегі жалақы мен лауазымды таппай, ұсынылған төмен ақылы орындардан бас тартады. Осы тақырыпты бес жылдан аса зерттеп жүрген Назарбаев университетінің докторанты Динара Алимханова NEET жастарын анықтау мен сипаттауда біздің әдіснама қажет екенін айтқан. Өйткені статистикаға әртүрлі себеппен уақытша тіркелмеген немесе бейресми жұмыс істейтін жастар да қосылып кетуі мүмкін.

Әр буын жұмысқа өзінің дәуірімен келеді. Бір кезеңнің адамдары үшін тұрақтылық ең үлкен жетістік болса, келесі ұрпақ үшін таңдау еркіндігі құнды болуы мүмкін. Z буыны жиі жұмыс ауыстырады, мансаптың шыңына ұмтылмайды, жеке уақытын қорғайды, жұмысынан мағына іздейді. Бұған сырттай қарап, «тұрақсыз ұрпақ» деу оңай. Бірақ олар дамуға уақыт жұмсайды, жаңа технологияны тез игереді, басшы болуды мақсат етпесе де, кәсіби тұрғыдан өскісі келеді. Қазақстандық еңбек нарығы да бұл өзгерістен тыс қала алмайды. Сондықтан мәселе Z буынының жұмыс істегісі келе ме, жоқ па дегенде емес. Негізгі сұрақ – бүгінгі еңбек нарығы жаңа буынның қабілетін қажетіне жарата алатын орта қалыптастыра алды ма? Өйткені заман өзгерген сайын еңбекке деген көзқарас та өзгереді. Ал еңбектің қадірі адамның жұмыс орнында қанша жыл отырғанымен емес, сол еңбектің өзіне де, қоғамға да не бергенімен өлшенсе керек.



Кейінгі жылдары жастарға қатысты quiet quitting, яғни міндетті жұмысты ғана орындап, артық күш жұмсамай, bare minimum Mondays немесе productivity theater секілді ұғымдар тарайды.

Deloitte Global дерегіне сүйенсек, Z буыны өкілдерінің 31 пайызы жоғары білім алмауды таңдаған. Мұның негізгі себептерінің бірі – оқу ақысының қымбаттығы. Бірақ әңгіме тек қаражатта емес. Жастар «төрт жыл оқыған дипломым еңбек нарығында маған нақты не береді?» деген сұрақты жиі қоя бастады. Теориядан гөрі практикалық дағды, ұзақ білім бағдарламасынан гөрі қысқа курс, сертификат немесе кәсіптік даярлық тартымды көрінуі мүмкін.

Бұл жоғары білімнің құны жоғалды деген сөз емес. Қайта оның алдына қойылатын талап өзгеріп келеді: диплом еңбек нарығына апаратын жалғыз жол болудан қалып барады. Қазақстан үшін де бұл бөтен құбылыс емес. IT, дизайн, SMM, видео

мыс орындары ашылып, жастар өз мамандығы бойынша еңбек ете алатын экономикалық жағдай жасалса, олар да терең білімді қажет ететін мамандықтарды игеруге ұмтылады. Жаңа өнім шығаруға, белгілі бір саланың кәсіби маманы болуға талпынады, — дейді әлеуметтанушы А.Молдабек.

ЖАҢА БУЫНДЫ «ТҰРАҚСЫЗ» ДЕУ ОҢАЙ

Жалақы, қызмет, кәсіби даму туралы айтылғанда көзге көрінбейтін тағы бір фактор қалып қояды. Ол – психологиялық жағдай. Deloitte Global мәліметінше, Z буынының 40 пайызы және миллениалдардың 34 пайызы жиі күйзеліс пен мазасыздық сезінетінін айтқан. Шамамен үш адамның бірі жұ-



ЭКРАН

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



Алматыда киноиндустрия мамандары мен жас режиссерлар көптен күткен Baqonur халықаралық дебюттік және қысқаметражды кинофестивалі басталмақ. Айтулы іс-шара 20-25 қыркүйек арасында өтеді. Биыл фестиваль он бірінші мәрте ұйымдастырылып жатыр. Сонымен қатар географиялық ауқымы да кеңейіп, байқау бағдарламасына Еуропа елдерінің кинематографистері де қосылды. Бұл байқау талай жастың шығармашылық жолын дамытуға, кәсіби әлеуетін арттыруға бастама болды. Осы орайда Baqonur Film Festival-дың алғашқы лауреатының бірі, кинорежиссер, сценарист Дархан Төлегеновпен шағын сұхбат құрып едік.

Дархан ТӨЛЕГЕНОВ,
режиссер:

Әрқашан

САПАҒА

жұмыс істеу керек

— Биыл ұлттық қысқаметражды фильмдер байқауына 180-нен аса туынды ұсынылған екен. Сіздің ойыңызша, қатысушылардың деңгейі қаншалықты өскен? Биылғы фестивальдан қандай ерекшелік байқадыңыз?

— Деңгей жыл сайын өсіп жатыр, ол анық байқалады, бірақ біздің кино саласында білім алып жатқан студенттердің арасынан жаңа есімдер сирек шығады. Биыл жаңа есімдер көбірек болады деп үміттенемін. Конкурстық фильмдерді әлі көріп үлгермедім, бірақ жақында Unico play қолдауымен өткен Shabyt lab-та ментор болдым. Сол жерде өтінім берген жастардың арасында кино тілімен эксперимент жасайтын мықты балалар өте көп кездесті. Осыған қарап, бізде өте жақсы жаңа буын өсіп келе жатыр деп айта аламын.

— Өзіңіз де осы фестивальдың алғашқы қатысушысы болдыңыз, «Маршрут» атты фильміңіз көптің көңілінде әлі де орны бар. Жалпы, бұл байқау шығармашылық жолыңызға қаншалықты әсер етті және қазіргі жас буында қандай жанашылдықтар бар деп ойлайсыз?

— «Маршрут» фильмін әлі де еске алып жүргендеріңізге көп рақмет, мен үшін де бұл ерекше

ыстық. Әрине, бұл байқау әр жастың өсуіне, батыл шығармашылық экспериментпен айналысуға үлкен мүмкіндік беріп келеді. Қазір байқағаным, жас режиссерларға өзіне немесе жақындарына тиісті жеке тақырыптарды қозғаған маңызды. Дегенмен оқиғаны жай көрсете салмай, өз бойынан өткізіп, мәселенің шешімін емес, оның түп-тамырын іздеу керек. Адам бірден өзгере алмайды, өйткені әдеттің бәрі отбасыдан, айналасынан қалады. Сондықтан мұндай мәселелер оңай шешілмейді, тіпті махаббат та оны бір сәтте өзгерте алмайды. Бұл — өмір сияқты шексіз нәрсе. Кинода дайын шешім бере бермей, осыны ашып көрсеткен дұрыс.

— Жақында KINDIK атты драманың Оңтүстік Кореяда өтетін 31-ші Busan International Film Festival (BIFF) кинофестивалінің Vision-Asia бағдарламасына енді. Отандық фильмнің тұсаукесері алғаш рет Пусан халықаралық кинофестивалінде өтпек әрі бұл фестивальға енген алғашқы отандық толықметражды фильм екен. Осы жобаныз жайында айтып берсеңіз.

— «Кіндік» — мен үшін туғаннан кейін де үзілмейтін байланыстың символы болды, тіпті арадағы

физикалық жіп кесілсе де, ана мен баланың арасындағы көрінбейтін байланыс сақталып қала береді. Бұл байланыс ес, инстинкт және тағдыр сияқты үзілмейді. «Кіндік» — бұл соңына дейін ажырату мүмкін емес байланыс туралы фильм. Өзіміз оны кесіп тастағымыз



«Кіндік» — мен үшін туғаннан кейін де үзілмейтін байланыстың символы болды, тіпті арадағы физикалық жіп кесілсе де, ана мен баланың арасындағы көрінбейтін байланыс сақталып қала береді. Бұл байланыс ес, инстинкт және тағдыр сияқты үзілмейді.

келсе де, ішімізде өмір сүре беретін жіп туралы. Әзірге фильм жайлы қысқа қайырғаным жөн болар, көрермен алда бағасын бере жатар...

— Аға буын мен жас толқын арасында үнсіз текетірес бар сияқты көрінеді. Тәжірибесі мол режиссерлар жастардың жұмысын тым пессимистік немесе батысқа еліктеген деп айыптағанда, іштей қалай жауап бересіз?

— Сұрағыңызға рақмет. Жастарды пессимист деп айыптаудың керегі жоқ. Ең қараңғы үңгірдің өзінде де түбі бір жарық болады ғой. Пессимизм — жақсы нәтижеге



кино өндірісін қалай өзгертеді? Шағын бюджетпен сапалы блокбастерлер түсіру кезеңі жақын деп ойлайсыз ба?

— Иә, бұл киноға жақсы құрал болады деп ойлаймын. Басқа айтарым жоқ, уақыт көрсетеді.

— Кастинг кезінде танымал блогерлер мен жұлдыздарды алуға көзқарасыңыз қалай? Сапа үшін кассадан бас тартуға дайынсыз ба?

— Ең бастысы, әрқашан сапаға жұмыс істеу керек. Рөлде кімнің ойнайтыны маңызды емес: блогер ме, актер ма әлде құрылысшы ма? Адам өзінің типажымен, актерлық ойынымен оқиғаға сай келіп тұрса болғаны. Бастысы — осы. Меніңше, шығармашылық адам өз туындысы туралы әбден ойлануы керек. Ал оны қалай сатуды ойлайтын адаммен тандемде жұмыс істеген дұрыс.

Сұхбаттасқан
Айсұлу СБЕЗХАН



АЙМАҚ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



ҚАМБАҒА ҚҰЙЫЛҒАН БЕРЕКЕ

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының күретамыры ғана емес, ауылдың әлеуметтік ахуалы мен халықтың әл-ауқатын айқындайтын стратегиялық сала. Әсіресе табиғаты қатал, жер көлемі ауқымды Абай облысы үшін агроөнеркәсіп кешенінің орны бөлек. Биыл өңір диқандары үшін жауапты кезең – егін жинау науқаны қызу жүріп жатыр. Қазірдің өзінде алқаптардан жүздеген мың тонна өнім жиналып, қысқы мал азығының қоры қалыптастырылуда. Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаевтың мәліметіне сүйенсек, биыл өңірде жалпы 790,9 мың гектар алқаптан өнім жинау жоспарланған. Бұл өткен жылғы 782,1 мың гектармен салыстырғанда 8,8 мың гектарға артық.

Биылғы егіс құрылымына көз жүгіртсек, облыста майлы дақылдарға басымдық берілгенін аңғаруға болады. Майлы дақылдар алқабы 368,7 мың гектарға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 29,3 мың гектарға артқан. Ал дәнді дақылдар 275,6 мың гектарды құрады. Әсіресе бидай алқабының қысқаруы назар аударарлық. Бір қарағанда, бұл төмендеу сияқты көрінуі мүмкін. Алайда мәселенің мәні – ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымын өзгерту, бір ғана дақылға тәуелділікті азайтуда.

Биыл бидай алқабы 22,5 мың гектарға қысқартылды: 2025 жылғы 234,1 мың гектардан 211,6 мың гектарға дейін төмендеді. Оның есесіне экспорттық әлеуеті жоғары майлы дақылдарға басымдық берілді. Бұл – бүгінгі нарық талаптарына бейімделудің бір көрінісі. Егісті әртараптандыру арқылы шаруашылықтардың экономикалық тұрақтылығын арттыруға, экспорттық бағытты кеңейтуге және ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік мол. Қазірдің өзінде бұл бағыттың тиімділігі байқалады. Биыл облыста майлы дақылдардың жалпы түсімі 530,9 мың тонна болады деп болжануда. Бұл өткен жылғы 481,9 мың тоннамен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш.

14 қыркүйектегі деректерге сәйкес, облыста 190,5 мың гектар дәнді

және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. Бұл алқаптың 69,1 пайызы. Осы жұмыстар барысында 193,7 мың тонна астық бастырылып, орташа өнімділік гектарына 10,2 центнерді құрады. Күздік дәнді дақылдарды жинау жұмыстары бұдан бұрын аяқталған. Оның жалпы көлемі 8,2 мың гектар болса, алқап толық орылды. 11,2 мың тоннадан астам өнім жиналып, орташа өнімділік гектарына 13,7 центнер болды.

Енді диқандардың алдында жаз бойы күткен еңбектің нәтижесін ысырапсыз жинап алу міндеті тұр. Өйткені егіннің тағдыры тек алқаптағы өнімділікпен өлшенбейді. Оны уақытында жинау, тасымалдау, сақтау және тиімді өткізу де маңызды. Бұл ретте облыстың астық сақтау инфрақұрылымы жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Өңірде жалпы сақтау көлемі 173 мың тонна болатын үш лицензияланған элеватор, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жалпы сыйымдылығы 870,9 мың тонналық астық қоймалары бар. Яғни болжамды егінді сақтауға қажетті қуат жеткілікті.

Абай облысының аграрлық әлеуетін тек астықпен бағалау жеткіліксіз. Көкөніс, бақша және картоп өндірісі де өңір үшін маңызды бағыттардың бірі.

Биыл картоп жинау алаңы 5,5 мың гектарды құрайды. Қазір оның 2,6 мың гектары жиналып, 55,5 мың тонна өнім алынды. Орташа өнімділік гектарына 212,9 центнерді құрады. Көкөніс-бақша дақылдарының да жинау науқаны жалғасуда. Жалпы алқап көлемі 5,5 мың гектар болса, бүгінгі күнге дейін 2,6 мың гектардан өнім жиналды. Орташа өнімділік гектарына 257,8 центнер болып, 68 мың тонна өнім алынды. Өнімді сақтау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Облыста көкөніс сақтауға арналған жалпы сыйымдылығы 51,8 мың тонна болатын 13 қойма жұмыс істейді.

Егін жинау науқанының қатарында мал шаруашылығы үшін тағы бір аса маңызды міндет – қысқы мал азығын дайындау. Қысқа мал қыстату – ауыл еңбеккерлері үшін жыл сайынғы сынақ. Қыс қанша қатал болады деген сұраққа нақты жауап беру қиын. Сондықтан шаруаның сенімді қорғаны – алдын ала дайындалған жем-шөп қоры. Абай облысында 2026-2027 жылдардағы қысқы мал қыстату кезеңіне дайындық жоспарлы түрде жүргізілуде. Облыста қажетті жұмыстарды атқаруға мүмкіндік беретін 4 853 бірліктен тұратын техника паркі бар. Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен жоспарға сәйкес, өңірде 1,21 млн тонна шөп, 63,4 мың тонна пішендеме, 78,9 мың тонна сүрлем, 87,7 мың тонна сабан және 120,5 мың тонна шоғырланған жем дайындау көзделген. 10 қыркүйектегі жағдай бойынша 1,15 млн тонна шөп дайындалған. Бұл – жоспардың 95 пайызы. Пішендеме дайындау 82 пайызға, сүрлем 41,2 пайызға, сабан 65 пайызға, шоғырланған жем 39 пайызға орындалды. Жұмысты жандандыру мақсатында облыс әкімінің орынбасары Думан Рыспекұлының төрағалығымен Аягөз, Ақсуат, Жарма, Абай, Үржар және Мақаншы аудандарында көшпелі штаб отырыстары өткізілді. Онда жем-шөп дайындау қарқыны, жоспарлардың орындалуы және қысқы мал қыстату науқанына дайындық мәселелері талқыланды. Штаб отырыстарының қорытындысында жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берілді. Бұл жерде уақыттың маңызы зор. Қыс есік қаққанша емес, қыс келмей тұрып дайындалған қор ғана мал шаруашылығының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Абай облысының алдында тұрған міндет ауқымды: егінді ысырапсыз жинау, мал қыстағына жеткілікті жем-шөп қорын қалыптастыру, шаруалардың өндірістік шығынын азайту, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану және ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Мемлекет қолдауы мен шаруаның маңдай тері тоғысқанда ғана берекелі нәтиже болмақ. Ең бастысы, жердің әлеуетін дұрыс пайдаланып, бүгінгі еңбекті ертеңгі тұрақты табысқа айналдыра білу.

Өйткені егіннің берекесі қамбадағы астықтың көлемімен ғана емес, оның ел экономикасына қосқан үлесімен өлшенеді.

Әлмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

Сатуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сату әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі Регламент) 23-бабы, f-тармағы негізінде Университет теңгеріміндегі 10 дана қызметтік автокөліктерді нарықтық бағалау құнына сәйкес жүргізіледі.

Сатуға қатысу шарттары: Сатып алушы тұлғалар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. Сатып алушы тұлғаның қаржылық жағдайы (қарызы жоқ) туралы қызмет көрсетуші екінші деңгейлі банктен алған анықтамасы;

2. Сатып алушы тұлғаның қызмет көрсетуші екінші деңгейлі банктен ағымдағы шоты бар екені туралы анықтамасы;

3. Сатып алушы тұлғаның жеке басын растайтын құжаты (жеке куәлік);

4. Сатып алушы тұлғаның тиісті қызметтік автокөлікті сатып алу бағасы, автокөліктерді нарықтық бағалау құны есебінен төмен болмауы тиіс, яғни минималды баға ретінде автокөліктердің бағалау құны есептеледі;

5. Жеңімпаз сатып алушы тұлғаны анықтау шарттары:

- екі немесе одан да көп сатып алушы тұлға болған жағдайда жоғары баға ұсынған сатып алушы тұлға анықталады;

- баға ұсыныстары бірдей/тең болған жағдайда, алғашқы құжат тапсырған сатып алушы тұлға;

- тиісті автокөлік үшін жалғыз сатып алушы тұлға қатысқан жағдайда;

6. Сатып алушы тұлға өтінімді қамтамасыз ету мақсатында тиісті автокөлікке өзі ұсынған сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, Кбе 16 «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ. ЕСКЕРТПЕ: Жеңімпаз сатып алушы тұлға тиісті автокөлікті сатып алудан бас тартқан жағдайда енгізілген жарна қайтарылмайды.

Сатылатын қызметтік автокөліктер тізімін және нарықтық бағалау туралы есеп құжаттарын (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысушы тұлғалар, баға ұсыныстары мен талап етілген құжаттарды арнайы конвертке салып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 28.09.2026ж. (12:00), 201-кабинет.

№	Автокөлік маркасы	Шығарылған жылы	Көлік түрі	Мемлекеттік тіркеу белгісі	Нарықтық құны / Минималды баға (теңге)
1	VOLKSWAGEN PASSAT B7	2014	жеңіл	KZ 738 AF 13	2 053 333
2	VOLKSWAGEN PASSAT B7	2014	жеңіл	KZ 741 AF 13	2 533 333
3	CHEVROLET AVEO	2013	жеңіл	KZ 777 RB 13	1 696 667
4	MERCEDES-BENZ 200	1997	жеңіл	KZ 047 AW 13	795 000
5	ГАЗ 3110-101	2001	жеңіл	KZ 731 AF 13	212 867
6	КАМАЗ 53202	1996	жүк көлігі	X 362 AL	2 242 427
7	ЗИЛ 554	1991	жүк көлігі	X 263 AT	590 196
8	ГАЗ 322132-14	2002	микроавтобус	X 191 BE	345 000
9	ПАЗ 32051	2002	автобус	X 195 BE	464 567
10	WLY 11180	2012	экскаватор	X 420 ALD	959 886

КӨКЕЙКЕСТІ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Таяқ қадасаң тал болып көгеретін Ақмоланың қара топырағы ел дастарқанын мол өнімнен құралақан қалдырған емес. Елорданың айналасын жағалай жатқан бұл өңір – егінінің берекесі мен төрт түлігінің ырысын қатар өрген өлке. Өңірде астық та, ет те, сүт те, картоп та, жұмыртқаға дейін өндіріледі. Берекелі тірлік пен көл-көсір мол өнім бар. Алайда сол өнім тұтынушыға жеткенше үстемеге үстеме қосылып, бастапқы құнынан әлдеқайда көп бағаға айналатынын қара халық күн сайын көріп жүр. Фермердің маңдай тері мен тұтынушының маңдайындағы әжімінің арасындағы айырма қай жерде пайда болды?

Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

**262 МИЛЛИАРД
ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІ**

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сүйенсек, 2026 жылдың қаңтар-шілде айларында ғана облыстағы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 262 миллиард теңгеден асып жығылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,4 пайызға жоғары. Демек, өндіріс тоқтаған жоқ. Керісінше, ұдайы өсіп келеді. Бүгінде облыста ауыл шаруашылығымен айналысатын 8 мыңнан астам агроқұрылым жұмыс істеп тұр. Мыңдаған шаруа қожалығы жердің бабын тауып, қойын құрттап, айранын ұрттап отыр. Шаруасы дөңгелеген салада 85 мыңнан астам адам еңбек етеді.

Бірақ өңірде өндіріс көлемі артқанымен, бұл өсім дүкен сөресіндегі бағаға дәл сол күйінде көше қоймаған. Биылғы жылдың қаңтар-шілдесінде Ақмола облысында азық-түлік бағасы жыл басынан бері 6 пайызға өскен. Бір қарағанда, мұнда парадоксты жағдай тудыратын түсініксіз қайшылық бар. Жер емшегін сауып ішкен дикан мен мұрты майланған малсақ қауымның өнімі өсіп, ауыл шаруашылығының әлеуеті артып келеді. Алайда тұтынушының қалтасы жеңілдеп көрген жоқ. Керісінше күн санап тесік қалтасы одан сайын жұкарып барады. Демек, мәселе өнімнің жоқтығында емес. Мәселе – оның өндірушінің қолынан шыққаннан кейінгі тағдырында.

Бұл жерде болжам жасап, кімнің сырттан іздеудің қажеті шамалы сияқты. Өйткені Ақмола облысының өзінде мемлекеттік органның жүргізген талдауы нақты мысалдарды тайға таңба басқандай етіп көрсетіп отыр. Қаржылық мониторинг агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті азық-түлік нарығына жүргізген талдауы барысында бірқатар өнімге белгіленгеннен артық сауда үстемесін анықтаған.

Мәселен, 2,5 пайыздық сүт өндірушіден 310 теңгеден шыққанымен, көтерме жеткізуші оны 450 теңгеден өткізген. Үстеме 45,2 пайызға жетіп жығылған.

Тағы бір мысал одан кем емес. 5 пайыздық сүзбе өндірушіден 1 300 теңгеден шыққанымен, бөлшек сауда желісіне 1 560 теңгеден жеткізілген. Үстеме – 20 пайыз. Ал тағы бір 2,5 пайыздық сүттің өндірушіден шыққан бағасы 347 теңге болса, жеткізуші оны 405 теңгеден сатқан.

дың тоннасын 55-60 мың теңгеден аспай жатқанын айтып шырылдаған. Жыл бойы жанармай, техника, тыңайтқыш, жұмыс күші, электр энергиясы, несие, қойма, тасымал сияқты бітпейтін шығындардан бас көтермеген дикан шыққан бидайымен ақталмаған соң пұшайман халге түскен шаруада есеп болмады. Әрине, мұның бәрі өнімнің өзіндік құнына әсер етеді. Шаруа қажеттіліктері үшін алып қойған миллион-

не отандық өндірушіні қолдау көрсету.

Расында да, өндіруші мен тұтынушының арасы қысқарған сайын сауда да жеңілдейді. Қала тұрғыны Қымбат Сүйіндікованың пікірі де осыған саяды. Оның айтуынша, жұрт жәрмеңкеге бір жағынан сапалы әрі қолжетімді өнім іздеп келсе, екінші жағынан маңдай терімен еңбек етіп жүрген шаруаны тікелей қолдауға мүмкіндік алады.

талуына тұрақты мониторинг жүргізіп, заңбұзушылық анықталған жағдайда кәсіпкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартып келеді. Алайда қағаздағы талап пен сөредегі бағаның арасы кейде көңілге күдік ұялатады.

БАҒАНЫ КІМ КӨТЕРЕДІ?

Өнімнің өндірушіден тұтынушыға дейінгі жолы қысқа болған сайын бағаның да төмендеуіне мүмкіндік көбейеді. Экономист Арман Байғановтың пікірінше, әсіресе шағын шаруашылықтар өнімін тікелей сауда орындарына шығара алмай, делдалдарға тәуелді болған жағдайда баға тізбегі ұзартып, түпкі құнды өсіреді. Сарапшы бұл жерде мәселені барлық делдалды кінәлаумен шектеуге болмайтынын, керісінше өндіруші мен тұтынушы арасындағы артық буындарды азайтып, шаруалардың өнімін тікелей өткізу мүмкіндігін кеңейту маңызды екенін атап өтеді.


Бұл пікір Ақмоладағы жәрмеңкелердің тәжірибесімен де үндеседі. Өндіруші мен тұтынушының арасы қысқарған кезде бірқатар өнімнің бағасы нарықтағыдан 10-20 пайызға төмендеп отыр. Демек, мәселе тек өнімнің қанша тұратынында емес, оның соңғы бағаға дейін қандай жолдан өтетінінде. Әрине, азық-түлік құнына әсер ететін факторлар көп. Өнімнің өзіндік құнында жанармай, электр энергиясы, техника, тыңайтқыш, еңбек ақысы, несие, сактау мен тасымалдау шығындары бар. Сауда орындарының жалдау ақысы, қойма мен тоназытқыш жабдыктарын ұстау шығыны да түпкі бағаға қосылады. Мұның бәрі – нарықтағы нақты шығындар.

Мәселен, сөреде 450 теңгеден тұрған сүттің өндірушіден қандай бағамен шыққаны, өңдеуге қанша жұмсалғаны, көтерме жеткізушінің қанша қосқаны, логистика мен сактауға қанша кеткені және дүкеннің нақты сауда үстемесі қандай болғаны анық көрінсе, түпкі бағаның қалыптасуы да түсінікті болар еді. Мұндай ашықтық тұтынушының күдігін сейілтп қана қоймай, нарықтағы әр буынның өз шығыны мен табысына жауапкершілігін күшейтер еді.

Ақмола – ауыл шаруашылығы әлеуеті жоғары өңір. Мұнда өнім өндіріледі, бірақ оның молдығы дүкендегі бағаның автоматты түрде төмендеуіне әкелмейді. Себебі өнім егістіктен не фермадан тұтынушыға жеткенше жинау, сактау, өңдеу, тасымалдау, көтерме және бөлшек сауда секілді бірнеше кезеңнен өтеді. Әр буынның шығыны мен үстемесі түпкі бағаға әсер етеді.

Сондықтан мәселені тек фермерден немесе дүкеннен іздеу жеткіліксіз сияқты көрінеді. Нақты жауап өнімнің бүкіл жолын салыстырғанда ғана байқалады. Ақмоланың түйткілі – өнімнің аздығында емес, оның тұтынушыға дейінгі жолында. Сондықтан ауыл шаруашылығының нәтижесін өндірілген өнім көлемімен ғана емес, сол өнімнің халыққа қаншалықты қолжетімді бағамен жеткенін де бағалау қажет.

СӨРЕДЕГІ ҚҰННЫҢ СЫРЫ



Мемлекеттік қаржылық мониторинг агенттігінің араласуынан кейін кейбір өнімдердің бағасы айтарлықтай төмендеген. Айталық, айранның бағасы 450 теңгеден 357 теңгеге, сүзбе 1 560 теңгеден 1 495 теңгеге, сүт 405 теңгеден 400 теңгеге дейін түскен. Ең қызығы, бағаның төмендеуі үшін жаңа зауыт салынған жоқ. Сырт жақтан басқа сиыр әкелініп, сүт өндіру технологиясы өзгерген жоқ. Тек баға тізбегіндегі үстеме қайта қаралды. Осы бір ғана мысалдың өзі азық-түлік бағасының қалай қалыптасатыны туралы көп нәрсені аңғартады.

Азық-түлік бағасы жайлы ойлағанда тұтынушы тек дүкендегі соңғы соманы көреді. Ал сол өнімді өндірушінің жағдайы мен оның нақты нарықтың тиісті бағасы көбіне көлеңкеде қалады. Өткен жылы Ақмола фермерлері астық өткізу кезінде де дәл осы жағдайды өткізіп, шақшадай бастары шарадай болған. Күзгі жауын-шашын салдарынан астықтың ылғалдылығы жоғарылап, оны кептіру мәселесі туындады. Нарықтағы әккі сатып алушылар бағаның одан әрі төмендеуін күткен. Ала жаздай тыным таппаған шаруалар бидай-

даған несиесі қос өкпеден қысқан соң арзан баға ұсынған делдалға бере салуға мәжбүр болады. Бірақ сонда тағы бір сауал көлденең шығады. Фермердің өнімін арзан алған келесі буын оны тұтынушыға қандай бағамен жеткізеді? Яғни өндірушінің арзан сатуы әрдайым оның арзан өндіргенін білдірмейді. Мәселенің ең түйінді тұсы да осында.

ЖӘРМЕҢКЕДЕГІ ЖЫР

Айырмашылықты ақмолалықтар ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінен де жиі байқап жүр. Көкшетауда ұйымдастырылатын жәрмеңкелерде жұртшылық нарықтағы бағадан 10-20 пайызға дейін төмендетілген өнімдерді таласа-тармаса сатып алады. Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, бір жәрмеңкенің өзінде 200 тоннадан астам өнім ұсынылып, оған 122 ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі қатысады. Облыстың Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрбек Бадыраковтың айтуынша, мұндай шаралардың негізгі мақсаты – азық-түлік бағасын тұрақтандыру жә-

Тағы бір мысал одан кем емес. 5 пайыздық сүзбе өндірушіден 1 300 теңгеден шыққанымен, бөлшек сауда желісіне 1 560 теңгеден жеткізілген. Үстеме – 20 пайыз. Ал тағы бір 2,5 пайыздық сүттің өндірушіден шыққан бағасы 347 теңге болса, жеткізуші оны 405 теңгеден сатқан.

Астанада өткен Ақмола облысының жәрмеңкелерінде де дәл осы көрініс қайталанды. Жәрмеңкелерде сиыр еті 2 300 теңгеден, жұмыртқа – 48 теңгеден, картоп 100 теңгеден сатылып, тауар бағасы нарықтағыдан 10-15 пайыз төмен болған. Осы жерде еріксіз бір сұрақ көлденең тұрады: егер өндіруші өнімін жәрмеңкеде осындай бағамен өткізе алса, сол тауар дүкен сөресіне жеткенде неге қымбаттайды? Жауаптың бір ұшы – делдалдық тізбекте екені айтпаса да түсінікті.

Фермерден шыққан өнім көтерме сатып алушыға өтеді. Одан кейін тасымал, қойма, тағы бір делдал, сауда орны қосылуы мүмкін. Әр буын өз шығынын жауып, онымен қоса үстемесін қосады. Тізбек ұзарған сайын соңғы баға да салмақтана түседі. Ал тұтынушы осы ұзын жолдың басында, ортасында да көрмейді. Кассадағы соңғы соманы ғана көреді. Сол соманың ішінде фермерге қанша тигені, өнімді тасымалдауға қанша жұмсалғаны, қоймаға қанша кеткені, дүкеннің шығыны мен нақты сауда үстемесінің қанша екені қарапайым сатып алушыға беймәлім күйде қалады.

Мемлекет жүгенсіз кеткен асау бағаны ауыздықтау үшін тырмысып-ақ жатыр. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек саудадағы үстемеге 15 пайыздық шектеу қойылған. Бұл тізімде ұн, нан, макарон, қарақұмық, күріш, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, қант, өсімдік майы, сиыр және тауық еті, сүт, айран, сары май, жұмыртқа, сүзбе сияқты халық күн сайын тұтынатын негізгі өнімдер бар.

Ақмола облысында мемлекеттік органдар бұл талаптың сак-

19 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



Qazaqsha StandUp Central YouTube-арнасындағы «О, сұрақ!» шоуы көрерменнің ықыласын бірден оятты. Бағдарламаның әр шығарылымы миллионға жуық қаралым жинап, қазақтілді ойын-сауық контентінің арасында өзіндік орнын қалыптастырып келеді. Жобаның ерекшелігі – қалыптасқан викторина үлгісін еркін импровизациямен, заманауи әзілмен және көрерменге жақын мәдени ишаралармен ұштастыруында.

БҰЛ ҚАНДАЙ ШОУ?

«О, сұрақ!» – әзіл мен тапқырлықты ұштастырған интеллектуалды викторина. Бағдарламада қатысушылар жүргізуші қойған сауалдарға дұрыс жауап берумен ғана шектелмей, тосын ой айтып, қалжыңмен қағысып, тапқырлығын танытуға тырысады. Шоуды комик Тұрсынбек Слямбеков жүргізеді, ал оған Аңсаған Садирханов серік болады. Әр шығарылымға отандық комедияның жаңа буын өкілдерімен қатар танымал блогерлер мен актерлер шақырылады.

Бағдарламаның сыртқы формасы дәстүрлі викторинаға ұқсайды: жүргізуші сұрақ қояды, қатысушылар жауап іздейді. Алайда «О, сұрақ!» үшін дұрыс жауаптың өзі түпкі мақсат емес. Кейде қате болжамның өзі күтпеген қалжыңға ұласып, әңгіменің көрігін қыздырады. Қатысушылар бірінің сөзін бірі іліп әкетіп, әзілді одан әрі дамытады. Соның арқасында бағдарлама құрғақ сұрақ-жауап форматынан шығып, еркін әңгіме мен импровизацияға негізделген көңілді шоуға айналады. Жобаның ерекшелігі де осында. Мұнда логика

Күлкі КӨШІН

Бағдарламалар

мен абсурд, білім мен юмор қатар жүреді. Сұрақтарға әлемнің әр түкпіріндегі қызықты деректер, қазақтың салт-дәстүрі, аңыздары, күнделікті өмірдегі таныс құбылыстар арқау болады. Бірақ қандай тақырып қозғалғанына қарамастан, қатысушылар әңгімені күтпеген арнаға бұрып әкетуге әрдайым дайын. Осы еркіндік бағдарламаның өзіндік ырғағын қалыптастырған. Көрермен бір жағынан жауабын ойлап, ойынға араласса екінші жағынан комиктердің аяқ астынан туған қалжыңына куә болады. Сондықтан «О, сұрақ!» интеллектуалды викторинадан гөрі білім, әзіл және

жүргізуші мен қонақтардың өзара тіл табысуынан байқалады. Тұрсынбек Слямбековтің әдейі салмақты, кейде пафосқа құрылған мәнері қатысушылардың еркін қалжыңымен астасып, қызықты контраст тудырады. Әр шығарылымға жаңа қонақтар келген сайын бағдарламаның көңіл күйі де өзгеріп отырады. Бір шығарылымда сөз қағысы мен тапқыр жауаптар басым болса, келесісінде қисынсыз әзіл немесе белгілі



импровизация тоғысқан заманауи ойын-сауық жобасына көбірек ұқсайды.

ЖҮЙЕГЕ ТҮСКЕН ХАОС

«О, сұрақ!» басқа әзіл бағдарламаларынан құрылымы жағынан ерекшеленеді. Мұнда әр қатысушы жеке тақырып ұсынып, әңгімені соның төңірегінде өрбітпейді. Бағдарлама алдын ала әзірленген сұрақтарға негізделеді.

бір ортаға ғана таныс интернет қалжыңдары алға шығуы мүмкін. Сондықтан ережесі мен форматы тұрақты болғанымен, әр шығарылымның өз мінезі, өз ырғағы қалыптасады.

ШОУДЫ ФОРМАТ ЕМЕС, МАЗМҮН ЖАСАЙДЫ

Бұл баршаға бірдей ұнауға бтырылатын жоба емес. Өйткені бағдарламадағы әзілдің

бір бөлігі белгілі бір ортаға ғана түсінікті болуы мүмкін. Мұнда бүгінде сирек еске алынатын қазақстандық мемдер, бұрынғы телебағдарламалар мен интернет мәдениетіне қатысты ишаралар жиі кездеседі. Сол себепті кей көрермен үшін бұл жай ғана әзіл емес, өткен уақытты еске түсіретін таныс белгі іспетті. Мәселен, «Шаншарға» жасалған сілтемелер, бір кездері телефоннан телефонға инфрақызыл порт арқылы жіберілетін әуеской рэп, «Ел

Соңғы жылдары қазақтілді комедияда жаңа форматқа ұмтылыс айқын байқалады. YouTube-та шетелде танымал болған жобалардың жергілікті нұсқалары көбейіп, стендап та дәстүрлі жеке концерттің аясынан шыға бастады. Комиктер импровизацияға, ойынға, викторинаға және түрлі аралас форматтарға бет бұрып, көрерменге әсер етудің жаңа жолдарын іздеп жүр. Осы ортада «О, сұрақ!» өзіндік бағыты бар



жоба ретінде көрінеді. Құрылымы жағынан ол ресейлік «Самый умный комик» бағдарламасына ұқсас тұстарға ие. Мәселен, қатысушылардың жауап берер алдында өзіне тән белгі немесе дыбыс ойлап табуы секілді элементтер екі жобада да кездеседі. Дегенмен мұнда басты мәселе форматтың қайдан алынғанында емес. Маңыздысы – авторлардың сол үлгіні жергілікті мазмұнмен қалай толықтырғанында. Қазақы ортаға таныс әзіл, интернет мәдениеті, күнделікті тіл мен жаңа буынға жақын ишаралар шоуының өзіндік ренкін қалыптастырған. Соның арқасында бағдарлама бір жағынан таныс көрінсе, екінші жағынан жаңа әсер қалдырады. Көрерменге бөтен емес, бірақ бұрын дәл осы қалыпта кездеспеген дүние ұсынылады.

«О, сұрақ!» уақыт өте келе қазақтілді комедиядағы тұрақты әрі танымал жобалардың біріне айнала ма – оны әзірге уақыт көрсетеді. Алайда шоуының өз стилін табуға талпынысы, жергілікті мәдени ортаға арқа сүйеуі және импровизацияға кең мүмкіндік беруі оның басты ерекшелігі болып отыр. Авторлар баршаға бірдей түсінікті әзіл жасауға ұмтылмайды. Керісінше, белгілі бір ортаға жақын мәдени белгілерді, ішкі қалжыңдарды және еркін импровизацияны алға шығарады. Осы бағыт сақталса, «О, сұрақ!» қазақтілді ойын-сауық контентінің жаңа тынысын танытатын жобалардың бірі бола алады.

С.БЕГІМБАЙ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәнін ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4791
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
Тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
Тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,